

**Еуразиялық өнеркәсіптік коопeração, субконтрактация және технологиялар трансфері  
желісін әзірлеу мен енгізу бойынша қызметтер көрсетуге арналған техникалық  
тапсырмаға өзгерістер енгізу туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 23 маусымдағы № 85 шешімі

Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 48-тармағына, Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2019 жылғы 1 ақпандағы № 1 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың цифрлық күн тәртібі шеңберіндегі жобаларды іске асыру механизмдеріне сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 6 тамыздағы № 135 шешімімен бекітілген Еуразиялық өнеркәсіптік коопeração, субконтрактация және технологиялар трансфері желісін әзірлеу мен енгізу бойынша қызметтер көрсетуге арналған техникалық тапсырмаға өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң құшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы

*M. Мясникович*

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2020 жылғы 23 маусымдағы  
№ 85 шешіміне  
ҚОСЫМША

**Еуразиялық өнеркәсіптік коопéraция, субконтрактация және технологиялар трансфері  
желісін әзірлеу мен енгізу бойынша қызметтер көрсетуге арналған техникалық тапсырмаға  
енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР**

Техникалық тапсырма мынадай редакцияла жазылсын:

"Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2019 жылғы 6 тамыздағы  
№ 135 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

(Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2020 жылғы 23 маусымдағы  
№ 85 шешімінде  
редакциясында)

**Еуразиялық өнеркәсіптік коопeração, субконтрактация және технологиялар трансфері  
желісін өзірлеу мен енгізу бойынша қызметтер көрсетуге арналған ТЕХНИКАЛЫҚ  
ТАПСЫРМА**

**Терминдер мен қысқартылған сөздер**

Осы техникалық тапсырманың мақсаттары үшін 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – Одақ) туралы шартта, Одақ органдарының Еуразиялық желіні құру және дамыту мәселелері жөніндегі шешімдерінде айқындалған мағыналардағы ұғымдар пайдаланылады

Кысқартылған сөз	Сипаттамасы
API	Қосымшаның бағдарламалық интерфейсі, қолданбалы бағдарламалау интерфейсі (application programming interface) – бір компьютерлік бағдарлама басқа бағдарламамен өзара іс-кимыл жасай алатын тәсілдердің (сыныптардың, рәсімдердің, функциялардың, құрылымдардың немесе константтардің жиынтығы) сипаттамасы
CSV	CSV (Comma Separated Values – "үтірлермен бөлінген мәндер") – кестелік деректерді ұсынуға арналған мәтіндік файлдар форматы
HTTP	HTTP (Hyper Text Transfer Protocol – "гипермәтінді беру хаттамасы") – деректерді қолданбалы беру деңгейі хаттамасы, Интернет желісінде деректерді беру үшін пайдаланылады
HTTPS	HTTPS (Hyper Text Transfer Protocol Secure) – HTTP хаттамасының шифрлауды қолдап отыратын кеңейтілімі. HTTP хаттамасы арқылы берілетін деректер SSL немесе TLS криптографиялық хаттамасына "қапталады", сол арқылы осы деректердің қорғалуы қамтамасыз етіледі
SOA	Сервиске бағдарланған архитектура
SOAP	Таратылған есептеу ортасында құрылымданған хабарларды алмасу хаттамасы
SSL	SSL (Secure Sockets Layer – қорғалған сокеттер деңгейі) – Интернет желісіндегі тораптар арасында деректерді қорғап беруді қамтамасыз ететін криптографиялық хаттама
TLS	TLS (transport layer security) – көліктік деңгейдегі қорғау хаттамасы, Интернет желісіндегі тораптар арасында деректерді қорғап беруді қамтамасыз ететін криптографиялық хаттама
WEB, WWW	Фаламтор (World Wide Web) – Интернетке қосылған әртүрлі компьютерлерде орналасқан, өзара байланысты құжаттарға қолжетімділік беретін бөлінген жүйе

WSDL	WSDL (Web Services Description Language) – XML тіліне негізделген веб-сервистер мен оларға қол жеткізууді сиппаттау тілі
XML	Extensible Markup Language (кенейтілетін белгілеу тілі)
Еуразиялық желінің базалық компоненті	белгілі бір сервистер жинағын қамтитын және өзін толықанды жұмыс істейтін ұлттық компонент ретінде пайдалануға мүмкіндік беретін әмбебап платформалық шешім. Мұше мемлекет сұрау салған кезде базалық компонент мұше мемлекетке лицензиялық келісім бойынша өтеусіз негізде беріледі
ДҚ	Дереккор
МЕМСТ	Мемлекеттік стандарт
Мұше мемлекеттер	Еуразиялық экономикалық одаққа мұше мемлекеттер
ЕАӘО, Одақ	Еуразиялық экономикалық одақ
Еуразиялық өнеркәсіптік коопeração, субконтрактация және технологиялар трансфері желісі	Мұше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуши субъектілеріне өнеркәсіптік коопeração мен субконтрактация бойынша неғұрлым тиімді әріптестерді жедел іріктеу, шағын және орта кәсіпорындарды ірі өндірушілердің өндірістік тізбектеріне тарту, инновациялық процестерді технологиялар трансфері арқылы ынталандыру механизмдерін ұсынатын автоматтандырылған жүйе
ЕЭК, Тапсырыс беруші	Еуразиялық экономикалық комиссия
Орындаушы	Тапсырыс берушімен жұмыстарды орындауға шарт жасасқан ұйым
Консорциум	Мұше мемлекеттердің "Еуразиялық өнеркәсіптік коопeração, субконтрактация және технологиялар трансфері желісі" жобасын іске асыру мақсатында қызметін занды тұлға құрмай жүзеге асыратын ұйымдарының бірлестігі
Еуразиялық желінің ұлттық компоненті	Еуразиялық желінің базалық компонентінің негізінде Еуразиялық желінің "ядросына" қосылуға арналған талаптарға сәйкес келетін ұлттық цифрлық өнімдер мен шешімдерді пайдалану арқылы мұше мемлекеттің уәкілдегі органы қалыптастыратын платформалық шешім
ФЗТК(Т)Ж	Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар
НAA	Нормативтік-анықтамалық ақпарат
Ұлттық компонент операторы	Еуразиялық желінің құру және оның жұмыс істеуі туралы шешімдерде көзделген Еуразиялық желінің ұлттық компонентін құру, пайдалану және дамыту жөніндегі функцияларды орындастырын, сондай-ақ мұше мемлекеттің уәкілдегі органы беретін өкілдегітерді іске асыратын занды тұлға
	Еуразиялық желінің құру және оның жұмыс істеуі туралы шешімдерде көзделген Еуразиялық желіні

Желі операторы	құру, пайдалану және дамыту жөніндегі функцияларды, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссия беретін, Еуразиялық желінің жұмыс істеуіне байланысты өкілеттіктерді орындағының занды тұлға
Өнім тізілімі	Еуразиялық желіге қатысушылар өндіретін өнімнің, көрсетілетін қызметтердің, технологиялардың, сондай-ақ оларға сұраныс туралы мәліметтердің дереккоры, ол таратылған тізілімдер технологиясы негізінде ұлттық компоненттердің өнімі тізілімдерінің негізінде қалыптастырылады (мүше мемлекеттердің өнімі тізілімінің деректері ұлттық компоненттерде сақталады және техникалық шешімдердің көмегімен пайдаланушы жағынан көрінеді)
Шаруашылық жүргізуші субъектілер тізілімі	Ұлттық компоненттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің тізілімдері негізінде қалыптастырылатын, Еуразиялық желіге қатысушылар туралы міндетті тіркеу деректерін, мәліметтерді қамтитын шаруашылық жүргізуші субъектілердің шоғырландырылған базасы (мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілер тізілімінің деректері ұлттық компоненттерде сақталады және техникалық шешімдердің көмегімен пайдаланушы жағынан көрінеді)
Сервис-провайдер	Көрсетілетін қызметтерді ұсынуға жауапты болатын және Еуразиялық желіге қатысушының белгілі бір сервистерге қол жеткізуін қамтамасыз ететін занды тұлға
Жүйе	Еуразиялық желінің бағдарламалық қамтылымы
ДҚБЖ	Дерекорларды басқару жүйесі
Мүше мемлекеттің уәкілетті органы	Мүше мемлекет Еуразиялық желінің ұлттық компонентінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға уәкілеттік берген, сондай-ақ "Еуразиялық өнеркәсіптік коопeração, субконтрактация және технологиялар трансфері желісі" жобасының шенберінде ұлттық денгейде іс-шараларды іске асыруға және (немесе) орындауга жауапты мемлекеттік билік органы немесе ұйым
Шаруашылық жүргізуші субъектілер	Мүше мемлекеттердің аумағында шаруашылық қызметті жүргізетін субъектілер
Электрондық сервис (бұдан әрі – сервис)	Еуразиялық желіге қатысушыларға қызмет көрсететін интерактивті өзара іс-кимыл құралдарының кешені
Еуразиялық желінің "ядросы"	Еуразиялық желінің ұлттық компоненттердің бірыңғай Еуразиялық желіге біріктіретін және ортақ сервистерді жариялауды, оның ішінде таратылған тізілім деректерін интеграциялау механизмдері, толассыз авторландыруды қамтамасыз ету және Еуразиялық желінің сервистерін пайдалану жөніндегі статистикалық және биллингтік

## 1. Жалпы мәліметтер

Шарттың нысанасы Еуразиялық өнеркәсіптік коопeração, субконтрактация және технологиялар трансфері желісін өзірлеу мен енгізу бойынша қызметтер көрсету (бұдан әрі тиісінше – жоба, көрсетілетін қызметтер) болып табылады.

### 1.1 Жүйенің толық атауы және оның шартты белгіленімі

Еуразиялық өнеркәсіптік коопeração, субконтрактация және технологиялар трансфері желісі (бұдан әрі – Еуразиялық желі, жүйе).

### 1.2 Өздерінің негізінде жүйе құрылатын құжаттардың тізбесі, осы құжаттарды кім және қашан бекітті

Еуразиялық желі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2017 жылғы 11 қазандағы № 12 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одактың 2025 жылға дейінгі цифрлық күн тәртібін іске асырудың негізгі бағыттарына, Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2017 жылғы 25 қазандағы № 4 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одактың цифрлық күн тәртібін іске асыру шенберіндегі бастамаларды пысықтау тәртібіне және Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2019 жылғы 1 ақпандағы № 1 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одактың цифрлық күн тәртібі шенберіндегі жобаларды іске асыру механизмдеріне, Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің тиісінше 2016 жылғы 21 желтоқсандағы № 143 және 2018 жылғы 30 наурыздағы № 23 шешімдерімен бекітілген Өнеркәсіптік коопeraçãoның және субконтрактацияның Еуразиялық желісін құру тұжырымдамасына және Еуразиялық технологиялар трансферінің желісін құру және оның жұмыс істеуі тұжырымдамасына, Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Еуразиялық экономикалық одак шенберіндегі өнеркәсіптік ынтымақтастықты цифрлық трансформациялау және Одаққа мүше мемлекеттердің өнеркәсібін цифрлық трансформациялау үшін жағдайлар жасау тұжырымдамасы туралы" 2018 жылғы 5 желтоқсандағы № 1 ұсынымының ережелеріне сәйкес құрылады.

Еуразиялық желінің құруға:

Еуразиялық үкіметаралық кеңестің "Еуразиялық өнеркәсіптік коопeração, субконтрактация және технологиялар трансфері желісі" жобасын іске асыру туралы" 2019 жылғы 30 сәуірдегі № 2 Шешімі;

Еуразиялық үкіметаралық кеңестің "Еуразиялық өнеркәсіптік коопeração, субконтрактация және технологиялар трансфері желісі" жобасының паспорты туралы" 2019 жылғы 9 тамыздағы № 8 Шешімі;

Еуразиялық үкіметаралық кеңестің "Еуразиялық үкіметаралық кеңестің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" 2020 жылғы 31 қантардағы № 1 Шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Еуразиялық өнеркәсіптік коопeração, субконтрактация және технологиялар трансфері желісі" жобасын іске

асыру жөніндегі іс-шаралардың жоғары деңгейлі жоспарын бекіту туралы" 2019 жылғы 28 мамырдағы № 21 өкімі (бұдан әрі – іс-шаралар жоспары);

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2019 жылғы 28 мамырдағы № 21 өкіміне өзгерістер енгізу туралы" 2020 жылғы 30 қаңтардағы № 2 өкімі негіз болды

Осы техникалық тапсырмада көзделген қызметтерді көрсету кезінде Еуразиялық экономикалық одақтың құқығын құрайтын, оның ішінде қызметтер көрсетуге шарт жасасқаннан кейін күшіне енген халықаралық шарттар мен актілердің ережелерін ескеру қажет.

### **1.3 Қызметтерді көрсетуді бастау мен аяқтаудың жоспарлы мерзімдері**

Қызметтерді көрсету мерзімі – шарт жасалған күннен бастап 2021 жылғы 31 желтоқсан аралығы.

### **1.4 Жұмыстарды қаржыландыру көздері мен тәртібі туралы мәліметтер**

Қаржыландыру (Орындаушы орындаған жұмыстарға (жұмыстардың кезеңдеріне) ақы төлеу) тәртібі Шарттың талаптарында айқындалады.

## **2 Жүйенің тағайындалымы мен оны құрудың мақсаттары**

### **2.1 Жүйенің тағайындалымы**

Еуразиялық желі өнеркәсіптік коопeração, субконтрактация және технологиялар трансфері мақсатында Еуразиялық экономикалық одақта мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттердің) шаруашылық жүргізуши субъектілерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге арналған және мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуши субъектілеріне коопeração мен субконтрактация бойынша неғұрлым тиімді әріптердің жедел іріктеу, ірі өндірушілердің өндірістік тізбектеріне шағын және орта кәсіпорындарды тарту, мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуши субъектілері мен мемлекеттік билік органдарының толассыз процестер мен цифрлық сервистерге қажеттіліктерін қамтамасыз етуге жағдайлар жасау, өндірістік тізбектерді модельдеу және өндірістік қуаттарды оңтайлы жүктеме салу, сондай-ақ технологиялар трансфері арқылы инновациялық процестерді ынталандыру және шаруашылық жүргізуши субъектілердің өнімдерін ілгерілету мүмкіндігі механизмдерін ұсынатын автоматтандырылған жүйе болып табылады.

### **2.2 Жүйені құрудың мақсаттары**

Жүйені құрудың мақсаттары:

өнеркәсіптік коопeração, субконтрактация және технологиялар трансфері мақсатында Еуразиялық экономикалық одақта мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттердің) шаруашылық жүргізуши субъектілерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету үшін цифрлық экожүйе құру;

ірі өндірушілердің өндірістік тізбектеріне шағын және орта кәсіпорындарды тарту;

мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілері мен мемлекеттік билік органдарының "толассыз" процестер мен цифрлық сервистерге қажеттіліктерін қамтамасыз етуге жағдайлар жасау;

өндірістік тізбектерді модельдеу және өндірістік қуаттарды оңтайлы жүктеме салу; технологиялар трансфері арқылы инновациялық процестерді ынталандыру;

мүше мемлекеттер мен үшінші елдердің халықаралық цифрлық экожүйелерін пайдалана отырып, шаруашылық жүргізуші субъектілердің өнімдерін ілгерілету мүмкіндігі.

### **3. Автоматтандыру обьектілерінің сипаттамасы**

Автоматтандыру обьектісі Одақтың шаруашылық жүргізуші субъектілерінің субконтрактация және технологиялар трансферті мәселелері бойынша өзара іс-қимыл процестері, сондай-ақ мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының және операторлардың функцияларын орындастын ұйымдардың Еуразиялық желінің жұмыс істеуіне қатысты бөлігіндегі қызметі болып табылады.

Еуразиялық желі деректерді беру арналарымен біріктірілген интеграциялық компонент ("өзек") пен ұлттық компоненттердің жиынтығын білдіреді.

Бұл ретте ұлттық компоненттер ретінде пайдаланушылық сервистерді құру және қосу бойынша әмбебап платформалық шешімді білдіретін Еуразиялық желінің базалық компоненті пайдаланылуы мүмкін.

Еуразиялық желі мынаны қамтитын автоматтандырылған жүйе болуға тиіс:

Еуразиялық желі "ядросының" сервистері;

мүше мемлекеттердің ұлттық компоненттерінің сервистері;

сервис-провайдерлердің сервистерімен интеграциялану мүмкіндігі.

Еуразиялық желі "ядросының" негізі интеграциялық компонент болуға тиіс, ол мынадай бағдарламалық модульдерді қамтиды:

1. Еуразиялық желі порталы, ол мынаны қамтамасыз етуге тиіс;

1.1. Еуразиялық желі пайдаланушыларының құқықтарын әкімшілендіру;

1.2. нормативтік-анықтамалық ақпаратты жүргізу;

1.3. шаруашылық жүргізуші субъектілердің тізілімімен жұмыс;

1.4. өндірілетін өнім, көрсетілетін қызметтер, технологиялар, сондай-ақ оларға сұраныс туралы мәліметтердің ақпараттық ресурстарымен, өнімнің, көрсетілетін қызметтердің, технологиялардың тізілімімен жұмыс;

2. геоакпараттық жүйе;

3. талдамалық модуль.

4. ақпараттық өзара іс-қимыл модулі.

Ұлттық компоненттердің, үшінші елдер мен экономикалық бірлестіктер сервистерінің жұмыс істеуіне қажетті бағдарламалық, ақпараттық, технологиялық архитектура мен есептегіш ресурстардың құрамын олардың операторлары Еуразиялық желіге қосылуға арналған талаптарға сәйкес айқындаиды.

Еуразиялық желінің мынадай сервистерін қосу арқылы автоматтандырылатын процестер автоматтандыру нысанасы болып табылады.

### **Шаруашылық жүргізуші субъектілердің жұмысы бойынша базалық сервистер:**

Еуразиялық желінің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің тізілімінде шаруашылық жүргізуші субъектілер туралы мәліметтерді енгізу, верификациялау және іздестіру;

ақпараттық ресурстарда өндірілетін өнім, көрсетілетін қызметтер, технологиялар туралы, сондай-ақ оларға сұраныс туралы мәліметтерді енгізу, верификациялау және іздестіру;

### **Базалық талдамалық сервистер:**

мүше мемлекеттерде көп өлшемді талдау мүмкіндігімен өнеркәсіптік коопeração, субконтрактация және технологиялар трансфері процестерін талдау және мониторингтеу сервистері;

индустриялық-инновациялық обьектілер мен олардың инфрақұрылымы туралы мәліметтерге қолжетімділікті қамтамасыз ету ("Өнеркәсіп атласы" геоақпараттық сервисі);

өнеркәсіптік коопeração, субконтрактация және технологиялар трансфері туралы білімдер базасы (wiki).

### **Ұлттық сервистер:**

технологиялық сұрау салулар мен технологиялық ұсыныстарды қалыптастыру жөніндегі технологиялар трансферінің сервистері;

өнеркәсіптік кәсіпорындарды қолдау шараларының сервис-навигаторы;

өнеркәсіптік өнімді сертификаттау және омологациялау бойынша көрсетілетін қызметтерді, оның ішінде өндірістік обьектілерді және олардың қызметін стандарттау бойынша көрсетілетін қызметтерді іздестіру және оларға тапсырыс беру сервисі;

### **Сервис-проваідерлердің сервистері:**

субконтрактацияның таңдал алғынған тізбегі бойынша келісімшарттар жасасу сервисі;

коопeraçãoлық тізбектер құру сервисі;

банктік сүйемелдеу сервисі;

келісімшарттың орындалуын бақылау сервисі;

көліктік-логистикалық сүйемелдеу сервистері;

қаржылық көрсетілетін қызметтер мен сақтандыру көрсетілетін қызметтерінің маркетплейсі;

салалық және халықаралық бенчмаркинг;

шаруашылық жүргізуші субъектілердің арасындағы зандық маңызы бар құжат айналымы, деректер алмасу (EDI);

портфельдік инвесторды сүйемелдеу, контрагентті іздестіру және индустріялық жобаларға инвестиция салу туралы шарттар жасасу сервисі;

смарт-келісімшарттар жасасу мүмкіндігін беру жөніндегі сервистер; кепілдік берілген тапсырысты қамтамасыз ету сервисі; өндірістік аланды, жабдықты және мұлікті жалдау сервисі.

Өндірілетін өнім маркетплейсінің функционалы екі сервисті: өнімнің тізілімін қамтамасыз ететін "ақпараттық ресурстарда өндірілетін өнім, көрсетілетін қызметтер, технологиялар туралы, сондай-ақ оларға сұраныс туралы мәліметтерді енгізу, верификациялау және іздестіру" базалық сервисі мен өндірілетін өнім үшін сауда алаңын қамтамасыз ететін "субконтрактацияның таңдал алынған тізбегі бойынша келісімшарттар жасасу сервисі" сервис-провайдерінің сервисін ұштастыру арқылы іске асырылады.

Үшінші елдерден келген қатысуышылармен өзара іс-қимылды сервистер, сервис-провайдерлер, үшінші елдердің ұлттық компоненттері деңгейінде практикалық іске асыру, әскери-техникалық ынтымақтастыққа, мемлекеттік құпияға немесе қол жеткізу шектелген мәліметтерге қатысты мәселелер бойынша коопeração, Еуразиялық желінің "ядросында" дербес деректерді өндеу және сақтау, ұлттық компоненттер операторларының ұлттық деңгейде сервистерді қосу мүмкіндігі бөлігіндегі қызметтің регламенттеу осы техникалық тапсырманың нысанасы болып табылмайды және қажет болған кезде оларды Тапсырыс беруші жеке жұмыстар шенберінде ұйымдастырады.

#### **4. Жүйеге қойылатын талаптар**

##### **4.1 Тұтас көрсетілетін қызметтерге қойылатын талаптар**

Еуразиялық желі Одақтың цифрлық күн тәртібінің шенберінде іске асырылып жатқан жобалар ескеріле отырып және Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің базалық ресурстарымен жобалануға, іске асырулуға және дамытулуға тиіс.

Жобаны іске асыру кезінде ұлттық заңнамалардың ақпаратпен жұмыс істеу бөлігіндегі талаптарының орындалуы қамтамасыз етілуге тиіс.

№ р/с	Көрсетілетін қызметтің атауы	Қызметті көрсетуге қойылатын талап
1	Консорциум қалыптастыру, консорциум туралы келісім жасасу	Консорциум қалыптастыру ұлттық компоненттердің операторларын тарту арқылы іске асырулуға тиіс. Одаққа мүше барлық мемлекеттен келген қатысуышылармен консорциум туралы келісім жасалуға тиіс.
2	Жобаны (ақпараттық ресурсты) басқаруды мониторингтеу құралын жасау және үйлестіру тобына қатысуышылардың оған бөлінген қолжетімділік құқықтарына сәйкес қол жеткізуін қамтамасыз ету	жобаны (ақпараттық ресурсты) басқаруды мониторингтеу құралы ретінде жобага қатысуышылармен өзара іс-қимылды және жобаны басқаруды ұйымдастыруға арналған авторландырылған қолжетімділік ұйымдастырылуға тиіс

3

Еуразиялық желінің базалық компонентіне қойылатын талаптарды әзірлеу

Еуразиялық желінің базалық компонентіне қойылатын талаптарда бизнес-архитектураға, ақпараттық архитектураға, бағдарламалық архитектураға (қосымшалар архитектурасына) және технологиялық архитектураға, қауіпсіздікке (ақпаратты санкцияланбаған қол жеткізуден қорғауды, жүйенің тоқтап қалуға төзімділігін және ақпараттың сақталуын қамтамасыз етуді қоса алғанда) қойылатын талаптардың сипаттамасы, базалық компонент арқылы жүзеге асырылатын бизнес-процесстердің сипаттамасы, сондай-ақ Еуразиялық желінің ұлттық компонентін өрістету үшін есептегіш ресурстардың құрамына қойылатын талаптар қамтылуға тиіс

4

Еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қойылатын талаптарды әзірлеу

Еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қойылатын, архитектураның, қауіпсіздікке (ақпаратты санкцияланбаған қол жеткізуден қорғауды, жүйенің тоқтап қалуға төзімділігін және ақпараттың сақталуын қамтамасыз етуді қоса алғанда) қойылатын талаптардың сипаттамасын, интеграциялық компонент арқылы жүзеге асырылатын бизнес-процесстердің сипаттамасын, сондай-ақ Еуразиялық желінің интеграциялық компонентін өрістету үшін есептегіш ресурстардың құрамына қойылатын талаптардың қамтитын талаптар қалыптастырылуға тиіс. Интеграциялық компоненттің ақпараттық архитектурасы (Еуразиялық желінің "өзектері") мынадай негізгі элементтерді қамтуға тиіс:

- Шаруашылық жүргізуши субъектілер тізілімінің ақпараттық объектілері;

акпараттық объектілер және өндірілетін өнім, көрсетілетін қызметтер, технологиялар туралы, сондай-ақ оларға сұраныс туралы мәліметтер;

		<ul style="list-style-type: none"> <li>- талдамалық көрсеткіштер;</li> <li>- жалпы нормативтік-анықтамалық ақпарат (НАА);</li> <li>Еуразиялық желі "ядросының" ішкі анықтамалықтары</li> </ul>
5	Еуразиялық желі туралы ереженің әзірлеу	Еуразиялық желі туралы ереженің жобасында Еуразиялық желі туралы жалпы ережелер, Консорциумның Еуразиялық желінің құру мен оның жұмыс істеуі жөніндегі, мүше мемлекеттердің уәкілдеп органдарының, желі операторының және ұлттық компоненттер операторларының функциялары мен өкілдіктерінің сипаттамасы қамтылуға тиіс
6	Еуразиялық желінің ұлттық компоненттеріне және сервис-провайдерлерге қойылатын талаптарды әзірлеу	Еуразиялық желінің ұлттық компоненттеріне және сервис-провайдерлерге қойылатын талаптарда бизнес-архитектураға, ақпараттық архитектураға, бағдарламалық архитектураға (қосымшалар архитектурасына) және технологиялық архитектураға, қауіпсіздікке (акпаратты санкционланбаған қол жеткізуден қорғауды, жүйенің тоқтап қалуға төзімділігін және ақпараттың сақталуын қамтамасыз етуді қоса алғанда), Еуразиялық желінің ұлттық компонентін ерістету үшін есептегіш ресурстардың құрамына, сондай-ақ сервис-провайдерлердің ақпараттық жүйелерінің интеграциясына қойылатын талаптар қамтылуға тиіс
7	Мүше мемлекеттердің экспорттық әлеуетін ұлғайту мақсатында үшінші елдердің шаруашылық жүргізуши субъектілерін Еуразиялық желіге қосу моделін әзірлеу	үшінші елдердің шаруашылық жүргізуши субъектілерін Еуразиялық желіге қосудың жобалық шешімдерінің сипаттамасы әзірленіп, Тапсырыс берушімен келісілуге тиіс

Комиссия актілерінің жобаларының әзірлеу, Еуразиялық желінің техникалық құжаттамасын әзірлеу

ішінде мыналарды қамтуға тиіс: актінің атауы, бекітуші органдың атауы, актінің кабылдау қажеттігінің негіздемесі, аннотация, сондай-ақ Одақ органдарының осы ұсыныс қозғайтын колданыстағы актілерінің тізбесі.

Ұлттық компоненттердің қолда бар сервистерінің Еуразиялық желі өзегімен интеграциясына қойылатын талаптарды қоса алғанда, Еуразиялық желі құруға арналған техникалық тапсырма әзірленіп, Тапсырыс берушімен келісілуге тиіс

Еуразиялық желінің базалық компоненті пайдаланушылық сервистерді құру мен қосу жөніндегі әмбебап платформалық шешімді білдірге тиіс.

Базалық компоненттің акпараттық архитектурасы қосылатын пайдаланушылық сервистердің ерекшеліктеріне сәйкес анықталады.

Еуразиялық желінің базалық компоненті:

- Еуразиялық желі "ядросының" тізілімдері мен базаларын акпараттық басқару мен толықтыруды;
- өнеркәсіп саласындағы қызметті цифрландыруды қамтамасыз ететін қажетті сервистерді құру менин оның жұмыс істеуін;
- сервис-провайдерлер ұсынатын сервистерді Еуразиялық желіге қосуды қамтамасыз етуге тиіс.

Базалық компоненттің акпараттық архитектурасы қосылатын пайдаланушылық сервистердің ерекшеліктеріне сәйкес анықталады.

Еуразиялық желінің базалық компонентінің техникалық-жұмыс құжаттамасы дайындалуға және Еуразиялық желінің базалық компонентінің прототипі іске асырылуға тиіс, ол мынадай функциялық талаптарды қанағаттандырады:

Еуразиялық желінің базалық компонентін (пайдаланушылық сервистерді құру мен косу жөніндегі әмбебап платформалық шешімді) құру

- шаруашылық жүргізуши субъектілердің жұмысы бойынша, қол жеткізу субъектілерінің Еуразиялық желінің базалық компонентіне кіруін (шығуын) тіркеу, Еуразиялық желінің базалық компонентіне кіру кезінде қол жеткізу субъектілерінің төлнұсқалылығын сәйкестендіру және верификациялау (тексеру) процестерінің іске асрылуын көрсететін "Еуразиялық желінің шаруашылық жүргізуши субъектілерінің тізілімінде шаруашылық жүргізуши субъектілер туралы мәліметтерді енгізу, верификациялау және іздеу" базалық сервисінің болуы;
- ақпараттық ресурстарда өндірілген өнім, көрсетілетін қызметтер, технологиялар, сондай-ақ оларға сұраныстар туралы мәліметтерді енгізудің, верификациялау мен іздеудің базалық сервисінің болуы;

Базалық талдамалық сервистер:

- технологиялық сұрау салуларды, технологиялық ұсыныстарды, бизнес-сұрау салуларды, бизнес-ұсыныстарды және F3TK(Т)Ж саласындағы ынтымақтастық жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыру бойынша, инжинириングтік ұйымдардың көрсетілетін қызметтерінің жиынын, олар пайдаланатын жоғары технологиялық жабдықтың каталогын және зерттеушілік көрсетілетін қызметтердің тізбесін және ғылыми қызмет нәтижелерін, сондай-ақ әріптестер арасында қатынастарды орнатуға мүдделілікті білдіру нысандарын көрсететін технологиялар трансферінің ұлттық сервисінің болуы

интеграциялық компонентті құру:

- Еуразиялық желінің интеграциялық компонентінің эскиздік жобасын құруды;

10	Еуразиялық желінің интеграциялық компонентін құру	- Еуразиялық желінің интеграциялық компонентінің техникалық жобасын әзірлеуді; - Еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне арналған жұмыс құжаттамасын әзірлеуді қамтуға тиіс
11	Еуразиялық желінің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің және ақпараттық ресурстардың тізілімін құру және оларды өнімдер, көрсетілетін қызметтер, технологиялар және оларға мүше мемлекеттер тараапынан сұраныс туралы мәліметтермен бастапқы толтыру (кемінде 2 мүше мемлекеттің базасындағы деректердің пилоттық құрамы), сондай-ак көрсетілген мәліметтерді верификациалау	тізілім мен ақпараттық ресурстарды оларды өнімдер, көрсетілетін қызметтер, технологиялар және оларға мүше мемлекеттер тараапынан сұраныс туралы мәліметтермен бастапқы толтыру, көрсетілген мәліметтерді верификациалау жүзеге асырылуға тиіс
12	Еуразиялық желінің ұлттық компонентін өрістету (кемінде 2 мүше мемлекеттің базасында)	ұлттық операторлар мына тәсілдердің бірімен: уәкілетті органдардың инфрақұрылымындағы мүше мемлекеттердің сұрау салуы бойынша базалық компонент негізінде; Еуразиялық желінің "ядросымен" интеграциялау жөніндегі талаптарды ескере отырып, өзге де ұлттық платформалық шешім негізінде ұлттық компоненттерді өрістетуді және Еуразиялық желінің "ядросына" қосуды камтамасыз етеді. Өрістетудің қорытындысы бойынша Еуразиялық желінің ұлттық компонентін қабылдау-тапсыру сынақтарының хаттамалары дайындалуға тиіс
13	Таңдал алынған субконтрактация тізбегі бойынша келісімшарттар жасасу сервисін Еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қосу	сервисі таңдал алынған субконтрактация тізбегі бойынша келісімшарттар жасасудың ұлттық сервисін Еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қосу хаттамасы ресімделуге тиіс
14	Еуразиялық желінің интеграциялық компонентін және Еуразиялық желінің өрістетілген	тәжірибелік пайдаланудың қорытындысы бойынша қабылдау-тапсыру хаттамалары,

	<p>ұлттық компоненттерін тәжірибелік пайдалану (кемінде 2 мүшес мемлекеттің базасында)</p>	<p>қабылдау-беру актілері ресімделуге тиіс</p>
15	<p>Мүшес мемлекеттердің Еуразиялық желіні пайдалану арқылы өнеркәсіптік кооперацияға жұмылдырылған шаруашылық жүргізуі субъектілерінің санын ұлғайту жөніндегі іс-шаралар жоспарын нақтылау және іске асыру</p>	<p>Ұлттық операторлардың 2019 жылғы IV тоқсандағы бастапқы деректердің жаңалануын ескере отырып, Мүшес мемлекеттердің Еуразиялық желіні пайдалану арқылы өнеркәсіптік кооперацияға және технологиялар трансферіне жұмылдырылған шаруашылық жүргізуі субъектілерінің санын ұлғайту жөніндегі іс-шаралар жоспарын нақтылау үйимдастырылуға тиіс.</p> <p>Ұлттық операторлардың Мүшес мемлекеттердің Еуразиялық желіні пайдалану арқылы өнеркәсіптік кооперацияға жұмылдырылған шаруашылық жүргізуі субъектілерінің санын ұлғайту жөніндегі шараларды әзірлеу мен іске асыру жөніндегі ұсыныстары қорытылуға тиіс (2021 жылға – 3 жаңа құжат және қолданыстағы 2 құжатты өзгерту). Мүшес мемлекеттердің Еуразиялық желіні пайдалану арқылы өнеркәсіптік кооперацияға және технологиялар трансферіне жұмылдырылған шаруашылық жүргізуі субъектілерінің санын ұлғайту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру қорытындысы бойынша ұлттық операторлар беретін талдамалық есеп жасалуға тиіс (2020 жылғы I тоқсаннан бастап тоқсан сайын).</p>
16	<p>Еуразиялық желінің интеграциялық компонентін және Еуразиялық желінің ұлттық компоненттерінің интеграцияланған сервистерін тәжірибелік пайдалану нәтижелері бойынша Еуразиялық желіні пысықтау</p>	<p>Еуразиялық желінің интеграциялық компонентін және Еуразиялық желінің ұлттық компоненттерінің интеграцияланған сервистерін тәжірибелік пайдалану нәтижелері бойынша Еуразиялық желіні пысықтау корытындысы бойынша Еуразиялық желінің сервистері мен құралдары пысықталуға, Еуразиялық желіге арналған техникалық күжаттаманың жасакталымы пысықталуға тиіс.</p>

17	Еуразиялық желінің интеграциялық компонентін өнеркәсіптік пайдалануға беру	Еуразиялық желінің интеграциялық компонентін өнеркәсіптік пайдалануға енгізу туралы құжаттама дайындалуға тиіс
18	Еуразиялық желінің базалық компонентін (пайдаланушылық сервистерді құру мен косу жөніндегі әмбебап платформалық шешімді) дамыту және Еуразиялық желінің ұлттық компонентін өрістету	мынадай сервистер: - мүше мемлекеттерде көп өлшемді талдау мүмкіндігімен өнеркәсіптік коопeração, субконтрактацияны және технологиялар трансфертің талдау және мониторингтеу сервистері; - индустримальық-инновациялық объектілер мен олардың инфрақұрылымы туралы мәліметтерге қолжетімділікті камтамасыз ету ("Өнеркәсіп атласы" геоакпараттық сервисі); - өнеркәсіптік коопeração, субконтрактация және технологиялар трансферті туралы білімдер базасы (wiki) әзірленуге тиіс; қабылдау-тапсыру сынақтарының хаттamasы ресімделуге тиіс
19	Еуразиялық желінің интеграциялық компонентін дамыту	мынадай сервистер: - өнеркәсіптік кәсіпорындарды қолдау шараларының сервис-навигаторы; - өнеркәсіптік өнімді сертификаттау, омологациялау бойынша көрсетілетін қызметтерді қызметтерді, оның ішінде өндірістік объектілерді және олардың қызметін стандарттау бойынша көрсетілетін қызметтерді іздестіру және оларға тапсырыс беру сервисі; - тандап алынған субконтрактация тізбегі бойынша келісімшарттар жасасу сервисі әзірленуге тиіс; қабылдау-тапсыру сынақтарының хаттamasы ресімделуге тиіс
20	Желі операторы мен сервис-провайдерлер, ұлттық компоненттердің операторлары мен сервис-провайдерлер арасында агенттік келісімдер жасасу	желі операторы мен сервис-провайдерлер, ұлттық компоненттердің операторлары мен сервис-provайдерлер арасында агенттік келісімдер жасасу процесі ұйымдастырылып, іске асырылуға тиіс
		Еуразиялық желіні үшінші елдердің әріптестік

21	Еуразиялық желінің үшінші елдердің әріптестік трансшекаралық платформаларымен интеграциялау мүмкіндіктерін пысықтау	трансшекаралық платформаларымен (кемінде үшінші елдердің 1 трансшекаралық платформасымен) интеграциялау мәселелері бойынша іс-шаралар жоспары, Еуразиялық желінің ұлттық компоненттерін үшінші елдердің әріптестік трансшекаралық платформаларымен (кемінде үшінші елдердің 1 трансшекаралық платформасымен) интеграциялау мәселелері бойынша іс-шаралар жоспары әзірленуге тиіс. Ушінші елдердің Еуразиялық желіні пайдалану арқылы өнеркәсіптік кооперацияға тартылған кемінде 46 кәсіпорны жұмылдырылуға тиіс (2020 жылдың соңына қарай).
22	Еуразиялық желінің ұлттық компонентін өрістету	өрістетілген ұлттық компоненттер интеграциялық компонентке қосылған болуга тиіс. Еуразиялық желінің ұлттық компонентін қабылдау-тапсыру сынақтарының хаттамалары, қабылдау-беру актілері дайындалуға тиіс.
23	Өнеркәсіптік кооперация мен субконтрактацияның базалық және ұлттық сервистерін Еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қосу	өнеркәсіптік кооперация мен субконтрактацияның базалық сервистері ретінде сервис-провайдерлердің сервистерін Еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қосу хаттамалары дайындалуға тиіс. Мынадай сервистер қосылуға тиіс: Шаруашылық жүргізуші субъектілердің жұмысы бойынша базалық сервистер: <ul style="list-style-type: none"> <li>- Еуразиялық желінің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің тізілімінде шаруашылық жүргізуші субъектілер туралы мәліметтерді енгізу, верификациялау және іздестіру;</li> <li>- индустриялық-инновациялық обьектілер мен олардың инфрақұрылымы туралы мәліметтерге қол жетімділікті қамтамасыз ету ("Өнеркәсіп атласы" геоакпараттық сервисі).</li> </ul>

Жобаның паспортында көрсетілген сервис-проводайдерлер сервистерінің тізбесіне сәйкес Еуразиялық желінің ұлттық компоненттерінің жұмыс істеп тұрған және құрылатын сервистерін Еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қосу

өнеркәсіптік өнімді сертификаттау, сәйкестігін бағалау, өнеркәсіптік өнімді омологациялау бойынша көрсетілетін қызметтерді, оның ішінде өндірістік объектілерді және олардың қызметтің стандарттау бойынша көрсетілетін қызметтерді іздестіру және оларға тапсырыс беру сервисін қосу және Еуразиялық желінің "ядросына" интеграциялау бөлігінде базалық компонент пысықталуға тиіс.

Ұлттық компоненттердің интеграцияланған сервистерін сынау хаттамалары, сервистерді пайдалануға беру актілері дайындалуға тиіс.

Мынадай сервистер қосылуға тиіс:  
Ұлттық сервистер:

- өнеркәсіптік кәсіпорындарды қолдау шараларының сервис-навигаторы;
- өнеркәсіптік өнімді сертификаттау, сәйкестігін бағалау, өнеркәсіптік өнімді омологациялау бойынша көрсетілетін қызметтерді, соның ішінде өндірістік объектілерді және олардың қызметтің стандарттау бойынша көрсетілетін қызметтерді іздестіру және оларға тапсырыс беру сервисі;
- Сервис-проводайдерлердің сервистері:
  - тандап алынған субконтрактация тізбегі бойынша келісімшарттар жасасу сервисі;
  - банктік сүйемелдеу сервисі;
  - келісімшарттың орындалуын бақылау сервисі;
  - көліктік-логистикалық сүйемелдеу сервистері;
  - қаржылық көрсетілетін қызметтер мен көрсетілетін сактандыру қызметтерінің маркетплейсі;
  - салалық және халықаралық бенчмаркинг;
  - шаруашылық жүргізуші субъектілердің арасында зандық маңызы бар құжат айналымы, деректер алмасу (EDI);

		<ul style="list-style-type: none"> <li>- портфельдік инвесторды сүйемелдеу, контрагентті іздестіру және индустриялық жобаларға инвестиция салу туралы шарттар жасасу сервисі;</li> <li>- смарт-келісімшарттар жасасу мүмкіндігін беру жөніндегі сервис;</li> <li>- кепілдік берілген тапсырысты камтамасыз ету сервисі;</li> <li>- өндірістік алаңды, жабдықты және мұлікті жалдау сервисі</li> </ul>
25		<p>Еуразиялық желіні, оның ішінде Одақтың цифрлық күн тәртібінің перспективалы жобаларымен (тауарлардың цифрлық қадағалануы, электрондық ілеспе құжаттарды қолдану, цифрлық көлік дәліздері, деректердің айналымын реттеу, "Шекарасыз жұмыс" біріздендірілген іздеу жүйесі және басқалар), сондай-ақ Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің базалық ресурстарымен тоғыстыру мақсатында іс-шаралар жоспарын әзірлеу</p> <p>Еуразиялық желімен тоғыстыру үшін әлеуеті бар Одақтың цифрлық күн тәртібінің перспективалы жобаларының тізбесі (тауарлардың цифрлық қадағалануы, электрондық ілеспе құжаттарды қолдану, цифрлық көлік дәліздері, деректердің айналымын реттеу, "Шекарасыз жұмыс" біріздендірілген іздеу жүйесі және басқалар), сондай-ақ Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің ресурстары жасалып, талдануға, сондай-ақ тоғыстыру мүмкіндігіне техникалық және үйимдық-құқықтық баға берілуге тиіс.</p> <p>Іс-шаралар атауларын, оларды іске асыру мерзімдерін және жауапты орындаушыларды камтитын іс-шаралар жоспары әзірленуге тиіс.</p>
26		<p>Еуразиялық желіні ілгерілету жоспарын әзірлеу және іске асыру. Мұше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдары мен үйимдары, сондай-ақ желіге өзге де қатысушылар үшін Еуразиялық желіні дамыту мәселелері бойынша семинарлар мен вебинарлар өткізу</p> <p>Еуразиялық желіні ілгерілету жоспарында Еуразиялық желіні ілгерілету бойынша жоспарланатын іс-шаралар туралы ақпарат қамтылып, жоспарлы мерзімдері, тартылатын ақпараттық ресурстар (бар болса), нысаналы аудиторияның қамтылуын бағалау көрсетілуге тиіс.</p> <p>Мұше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдары мен үйимдары, сондай-ақ желіге өзге де қатысушылар үшін Еуразиялық желіні дамыту мәселелері бойынша оқытуды өткізу жоспарында жоспарланатын оқу іс-шараларының атаулары, оларды</p>

	<p>өткізу мерзімдері, іс-шаралардың форматтары (семинарлар/вебинарлар) қамтылуға тиіс.</p> <p>Өткізілген оқыту қорытындысы бойынша Оқытуды өткізу хаттамалары (Еуразиялық желінің кемінде 500 қатысушысын көрсете отырып) қалыптастырылуға тиіс.</p>
	<p>осы техникалық тапсырма бойынша жұмыстарды орындау шенберінде Еуразиялық желінің әкімшілендіру, техникалық және консультациялық қолдау қызметі қолдана отыруға тиіс.</p> <p>Тапсырыс берушінің техникалық қолдау қызметінің мамандарына консультациялар өткізу және Еуразиялық желінің пайдалану процесінде орын алатын, Тапсырыс беруші өзі дербес жоя алмайтын инциденттерді өндеде үшін Орындаушының мамандары техникалық қолдаудың үшінші желісін қалыптастыруды қамтамасыз етуге тиіс.</p> <p>Техникалық қолдаудың үшінші желісінде Орындаушының мамандары мынадай:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Тапсырыс берушінің техникалық қолдау қызметінің мамандарына консультация беру;</li> <li>- бағдарламалық қамтылымдағы қателіктерді жою;</li> <li>- регламенттік жұмыстар жүргізу міндеттерін шешуге тиіс.</li> </ul> <p>Регламенттік жұмыстар мыналарды қамтуға тиіс:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- технология бойынша жұмыс құжаттамасына сәйкес ортақ папкаларды резервтік көшірудің бөлінген серверіне резервтік көшіруді жүзеге асыру;</li> <li>- Еуразиялық желінің колжетімділігін мониторингтеу;</li> <li>- авариялардан кейін қалына келтіру;</li> <li>- ДБ серверінің жүйелік бағдарламалық қамтылымын мониторингтеу, өнімділікті онтайландыру жөнінде ұсынымдар қалыптастыру;</li> <li>- Еуразиялық желінің мақсаттар көрсеткіштерін жедел бақылау</li> </ul>
27	<p>Әкімшілендіру, техникалық және консультациялық қолдау қызметін үйімдастыру, сондай-ақ мәліметтерді ұсынудың бірыңғай болуын қамтамасыз ету мақсатында ұлттық анықтамалықтар мен сыйынтауыштарды ескере отырып, Еуразиялық желінің бірыңғай тізілімінің жазбаларын сипаттау</p>

	<p>әдіснамасын әзірлеуді қоса алғанда, каталогтау орталықтарының қызметін қамтамасыз ету</p>	<p>жасау, есептегіш ресурстарды өзгерту жөнінде ұсынымдар калыптастыру;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жүйелік бағдарламалық қамтылымға қызмет көрсету бойынша профилактикалық жұмыстар (логтарды талдау, пайдаланылмайтын уақытша файлдарды тазарту және т.б.).</li> </ul> <p>Мәліметтерді ұсынудың бірынғай болуын қамтамасыз ету мақсатында ұлттық анықтамалықтар мен сыйыптаушыларды ескере отырып, Еуразиялық желінің бірынғай тізілімінің жазбаларын сипаттау әдіснамасы әзірленуге тиіс:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жүйеленуге (сыныпталуға) жағатын техникалық-экономикалық және әлеуметтік ақпарат объектілерінің көптігіне талдау және анықтау жүргізуға тиіс;</li> <li>- бірынғай тізілім объектілерінің берілген көптігін жүйелеу (сыныптау);</li> <li>- жүйелеу (сыныптау) объектілерінің атауларын қалыптастыру мен жазуды біріздендіру;</li> <li>- жүйелеу (сыныптау) объектілерінің берілген көптігін кодтау;</li> <li>- бірынғай тізілімнің құрылымын әзірлеу;</li> <li>- бірынғай тізілімді жүргізу және тарату ресімі мен регламентін айқындау</li> </ul>
	<p>Технологиялар трансферінің ұлттық сервистерін Еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қосу</p>	<p>Мынадай базалық талдамалық сервистер қосылуға тиіс:</p> <p>мүше мемлекеттерде көп өлшемді талдау мүмкіндігімен өнеркәсіптік коопeraçãoны, субконтрактацияны және технологиялар трансферін талдау және мониторингтеу сервистері; өнеркәсіптік коопeração, субконтрактация және технологиялар трансфері туралы білімдер базасы (wiki).</p> <p>Технологиялар трансферінің базалық сервистерін Еуразиялық желінің интеграциялық</p>

		компонентіне қосу хаттамалары дайындалуға тиіс
29	Еуразиялық желіні, оның ішінде Одактың цифрлық күн тәртібінің перспективалы жобаларымен (тауарлардың цифрлық қадағалануы, электрондық ілеспе құжаттарды қолдану, цифрлық көлік дәліздері, деректердің айналымын реттеу, "Шекарасыз жұмыс" біріздендірлген іздеу жүйесі және басқалар), сондай-ақ Одактың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің базалық ресурстарымен тоғыстыру мақсатында іс-шаралар жоспарын іске асыру	іс-шаралар жоспарының орындалуы және оны іске асырудың түзетілуі туралы тоқсан сайнғы есеп, қабылдау-тапсыру хаттамасы, қабылдау-беру актіі дайындалуға тиіс. Дайындалған есепте мүше мемлекеттердің үлттық заңнамаларын Еуразиялық желінің жұмыс істеуі: өнеркәсіптік коопeração, субконтрактация және технологиялар трансферті, оның ішінде шетелдік әріптестермен өнеркәсіптік коопeração, субконтрактация және технологиялар трансферті мәселелері болігінде пысықтау жөніндегі ұсыныстар қамтылуға тиіс.
30	Үлттық компоненттердің технологиялар трансферті сервистерін Еуразиялық желіге қосу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту	үлттық компоненттердің технологиялар трансфері сервистерін Еуразиялық желіге қосу жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілуге тиіс. Жоспарда қосылатын сервистердің тізбесі мен оларды Еуразиялық желіге қосу мерзімдері қамтылуға тиіс
31	Үлттық компоненттердің өнеркәсіптік коопeração мен субконтрактация сервистерін Еуразиялық желіге қосу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту	үлттық компоненттердің өнеркәсіптік коопeração мен субконтрактация сервистерін Еуразиялық желіге қосу жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілуге тиіс. Жоспарда қосылатын сервистердің тізбесі мен оларды Еуразиялық желіге қосу мерзімдері қамтылуға тиіс.
32	Еуразиялық желі шенберінде (ел, сала, уақыт бөлінісінде және басқада бөліністерде) мүше мемлекеттерде өнеркәсіптік коопeraçãoны, субконтрактацияны және технологиялар трансферін сипаттайтын деректерді мониторингтеу мен талдау тәсілдерін, оның ішінде индустримальық интернетті пайдалану мүмкіндігін ескере отырып әзірлеу және іске асыру	Еуразиялық желі шенберінде өнеркәсіптік коопeraçãoны, субконтрактацияны және технологиялар трансферті туралы деректерді мониторингтеу мен талдау регламенті әзірленуге тиіс

	33	Еуразиялық желіні тәжірибелік пайдалану қорытындысы бойынша Еуразиялық желінің ұлттық компоненттеріне және сервис-provайдерлерге қойылатын талаптарды нақтылау	Еуразиялық желінің ұлттық компоненттеріне қойылатын нақтыланған талаптардың және сервис-provайдерлерге қойылатын нақтыланған талаптардың тізбесі қалыптастырылуға тиіс
	34	Еуразиялық желіні өнеркәсіптік пайдалану қорытындысы бойынша Еуразиялық желі туралы ережеге өзгерістер енгізу	Еуразиялық желіні өнеркәсіптік пайдалану қорытындысы бойынша Еуразиялық желі туралы ереже жаңалануға тиіс.
	35	Жобаның жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізілуін бағалау. Жобаның іске асырылуын корытындылау және жобаны одан әрі дамыту жөніндегі ұсыныстар	<p>жобаның жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізілуі бағаланып, оны іске асыру жөніндегі қорытынды есеп дайындалуға тиіс.</p> <p>Еуразиялық желіні дамыту және жетілдіру жөніндегі ұсыныстарда Еуразиялық желінің орнықты жұмыс істеуі моделінің сипаттамасы қамтылуға тиіс.</p> <p>Еуразиялық желіге кіру саны (2021 жылдың соңына қарай) 2 000 мыңға жетуге тиіс.</p> <p>Еуразиялық желіде тіркелген үйымдар саны (2021 жылдың соңына қарай) 64,3 мыңға жетуге тиіс.</p> <p>Өнім ұсыныстарының каталогындағы жазбалар саны (2021 жылдың соңына қарай) 128,3 мың бірлікке жетуге тиіс.</p> <p>Мұше мемлекеттер арасындағы, мұше мемлекеттер мен Еуразиялық желіге кіру перспективасы бар үшінші елдер арасындағы трансшекаралық сауда шеңберінде жасалған келісімшарттар саны (2021 жылдың соңына қарай) 572 бірлікке жетуге тиіс.</p> <p>Мұше мемлекеттер арасындағы, мұше мемлекеттер мен Еуразиялық желіге кіру перспективасы бар үшінші елдер – Германия, Қытай, Сингапур арасындағы трансшекаралық сауда шеңберіндегі мәмілелер көлемі (2021 жылдың соңына қарай Еуразиялық желіге қосылу есебінен айналымның өсуін ескере отырып, жиынтық қорытындымен ) 38 616,3 млн. рубльге жетуге тиіс</p>

## **4.2 Әзірленіп жатқан Еуразиялық өнеркәсіптік коопeração, субконтрактация және технологиялар трансфері желісінің функцияларына қойылатын талаптар**

### **4.2.1 Еуразиялық желіге қойылатын жалпы талаптар**

Еуразиялық желі:

шаруашылық жүргізуі субъектілердің тізілімін, өндірілетін өнім, көрсетілетін қызметтер, технологиялар, сондай-ақ оларға сұраныс туралы мәліметтердің ақпараттық ресурстарын қамтитын Еуразиялық желінің тізілімін қалыптастыруды;

өнеркәсіптік коопeração және субконтрактация шеңберінде өнеркәсіптік қызмет субъектілерінің өзара іс-қимыл жасау процестерін 3-бөлімде саналаманған сервистер есебінен цифрлық трансформациялауды;

технологиялар трансфері процестерін 3-бөлімде саналаманған сервистер есебінен цифрлық трансформациялауды;

өнеркәсіптік коопeração, субконтрактация және технологиялар трансфері процестеріне байланысты процестерді, атап айтқанда қаржылық, логистикалық процестерді, сондай-ақ ғылыми-техникалық қызмет саласындағы процестерді 3-бөлімде саналаманған сервистер есебінен цифрлық трансформациялауды;

шаруашылық жүргізуі субъектілердің өнеркәсіптік коопeração, субконтрактация және технологиялар трансфері шеңберінде өзара іс-қимыл жасауы процесінде түзілетін ақпаратты мониторингтеу мен талдау құралдарын жасауды көздеуге тиіс.

Еуразиялық желі өнеркәсіптік коопeràция, субконтрактация және технологиялар трансфері процестерін автоматтандыруды қамтамасыз ететін ұлттық компоненттердің сервистеріне қолжетімділік беруге, сондай-ақ өнеркәсіптік коопéraция, субконтрактация және технологиялар трансфері процестеріне байланысты қызметті жүзеге асыру кезінде қажетті қаржылық, логистикалық, кедендік және өзге де көрсетілетін қызметтерді ұсынатын сервистерді кеңейтуге жол беруге тиіс.

Еуразиялық желі үшінші елдердің шаруашылық жүргізуі субъектілерін тіркеу механизмдерін көздеуге тиіс.

Еуразиялық желі операторының жұмысын қамтамасыз ету мақсатында Еуразиялық комиссияның алдында есеп беру үшін жүйе тіркейтін агенттік келісімдердің пайдаланылуын және деректердің пайдаланылуын тіркеп алу механизмдері іске асырылуға тиіс, яғни шаруашылық жүргізуі субъектілер, сервис-провайдерлер, ұлттық компоненттердің операторлары мен Еуразиялық желі операторы арасындағы ақша қаражатының транзитін қамтамасыз ететін агенттік схема бойынша жұмыс істей үшін тиісті инфрақұрылымдық сервисті қосу мүмкіндігін қамтамасыз ету жолымен биллингті пайдалану механизмдері көзделуге тиіс.

Талдамалық модуль мына талдамалық көрсеткіштер: Еуразиялық желіге кіру саны; Еуразиялық желіде тіркелген ұйымдар саны; өнім ұсыныстарының каталогындағы жазбалар саны; мүше мемлекеттер арасындағы, мүше мемлекеттер мен Еуразиялық желіге кіру перспективасы бар үшінші елдер арасындағы трансшекаралық сауда

шенберінде жасалған келісімшарттар саны; мұше мемлекеттер арасындағы, мұше мемлекеттер мен Еуразиялық желіге кіру перспективасы бар үшінші елдер – Германия, Қытай, Сингапур арасындағы траншекарапалық сауда шенберіндегі мәмілелер көлемі (Еуразиялық желіге қосылу есебінен айналымның өсуін ескере отырып, жиынтық қорытындымен) ескеріле отырып, уақыт және ел бөліністерінде құрастырылатын талдамалық есептердің құрылудың қамтамасыз етуге тиіс.

Талдамалық модуль Тапсырыс беруші мен мұше мемлекеттердің уәкілетті органдарының орындаушы беретін ЖТТ-ға сәйкес қадағалау функциясын жүзеге асыру және ұлттық өнеркәсіпті дамыту саясаттарын іске асыру үшін ұлттық компоненттердің дереккорларынан талдамалық ақпаратты беруіне мүмкіндік беруіне тиіс.

Талдамалық модульдің деректерді алуды үшін жеке сервистер деңгейінде интеграциялық және базалық компоненттер арасында API бапталуға тиіс.

Ұлттық компонент шаруашылық жүргізуінің субъектілердің жұмысы жөніндегі базалық сервистер мен базалық талдамалық сервистер шенберінде бизнес пен мұше мемлекеттердің уәкілетті органдары (B2G форматы) арасында деректер алмасуды қамтамасыз етуге тиіс.

#### 4.2.2 Порталдың құрылымы мен жұмыс істеуіне қойылатын талаптар

Пайдаланушылардың Еуразиялық желімен өзара іс-қимылды порталдың интерфейс арқылы жүзеге асырылуға тиіс.

Портал құрылымдық жағынан басты бетті, авторландыру сервисін, кеңейтілген порталдың іздестіру қызметін қамтуға тиіс,

Порталдың басты бетінде навигациялық мәзір, сондай-ақ сайтқа кіруші бірінші беттен қолжетімді сервистер туралы жетелеуші ақпарат алуды, сондай-ақ соңғы жаңалықтармен танысусы үшін контенттік сала болуға тиіс.

Басты беттің жоғарғы жағында порталдың тілін езгерту сервистері бар панель, авторландыруды басқару, парольді тіркеу және қалпына келтіру элементтері және кері байланыс қызметінің "Көмек" функциясы көрсетілуге тиіс.

Төменде порталдың тақырыбы және толық мәтінді іздеуды орындауға арналған іздеу өрісі орналасуға тиіс.

Порталдың негізгі сервистеріне өтуді қамтамасыз ететін навигациялық панельдің саласы контенттік саланың үстінде орналасуға тиіс.

Навигациялық панельдің элементтері Еуразиялық желінің тізілімдері мен сервистеріне сәйкес келетін бөлімдерді қамтуға тиіс.

Басты беттің контенттік саласы мынадай бөлімдерге бөлінуге тиіс:  
парольді авторландыру, тіркеу және қалпына келтіру нысаны;  
Еуразиялық желі сервистерінің бас тізілімі бойынша іздеу нысаны;  
негізгі бөлімдерге сілтемелері бар топтастырылған портал сервистерінің панелі;  
соңғы 3 жаңалықты (хабарландыруды) сурет, тақырып, күн форматында көрсететін "Жаңалықтар" бөлімі;

оқиғаларды (іс-шараларды) оқиғаның сипаттамасына өту мүмкіндігі беріліп күнтізбеде көрсететін "Оқиғалар" бөлімі;

қысқаша байланыс ақпараты - ЕАЭО мемлекеттерінің уәкілетті органдарының атауы, сайттарына сілтемелер;

басты беттің контенттік саласының негізгі бөлімдеріне сілтемелер тізімі;  
кері байланыс сервисінің функцияларына сілтемелер тізімі;  
жаңалықтарға жазылу түймелері және компанияның әлеуметтік желілердегі осыған үқсас беттеріне өту түймелері.

Жаңалықтар мен оқиғаларды орналастыру мүмкіндігі порталдың әкімшілік панелінің құралдары арқылы қамтамасыз етілуге тиіс.

Порталдың барлық пайдаланушысы "Таратуға жазылыңыз" электрондық мекенжайды енгізу нысаны арқылы жарияланған жаңалықтар мен оқиғаларды таратуға жазылу мүмкіндігіне ие болуға тиіс.

Ақпараттық тарату кесте бойынша жүргізілуге тиіс

Пайдаланушылар тарату хаттарындағы тиісті функцияның көмегімен таратудан бас тарту мүмкіндігіне ие болуға тиіс.

Парольді тіркеу, авторландыру және қалпына келтіру сервистері пайдаланушыларды тіркеу, олардың кейіннен порталға кіруі, сондай-ақ кіру деректемелерін қалпына келтіру үшін қызмет етеді.

Портал ЕАЭО-ның барлық елдерінің пайдаланушыларын тіркеуді қамтамасыз етуге тиіс. Тіркеу сервисі пайдаланушиның ұйымы туралы ақпаратты енгізуудің қажетті нысанын қалыптастыруды қамтамасыз етуге тиіс.

Тіркеуді жүзеге асыру үшін пайдаланушины тіркеу нысанын және содан кейін ұйымды тіркеу нысанын толтыру қажет. Өтінім электрондық пошта мекенжайы (e-mail) расталғаннан кейін ғана қанағаттандырылуға тиіс. E-mail-ді іске қосу (растай) коды ұйымды тіркеуге өтінімді толтыру кезінде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына жіберілуге тиіс хатта болуға тиіс.

Енгізілген логин - бірегейлігіне, e-mail жарамдылығына тексерілуге тиіс. Веб-нысанда роботтардан қорғауды (captcha) қолдануға болады .

Пайдаланушылар порталдың кез келген бетіндегі жеке кабинетте авторландырудың арнайы нысаны арқылы авторландыру мүмкіндігіне ие болуға тиіс.

Парольді қалпына келтіру нысанын жіберген кезде портал көрсетілген электрондық мекенжайға парольді қалпына келтіру сілтемесін жіберуге тиіс. Алынған сілтемеге өткен кезде пайдаланушы жаңа парольді енгізу нысаны бар бетке түсуге тиіс. Парольді жаңартқаннан кейін портал пайдаланушиның электрондық мекенжайына парольдің сәтті ауыстырылғаны туралы хабарлама жіберуге тиіс.

Егер авторландыру сәтсіз болса, портал пайдаланушыға авторландыру деректерін қайта енгізууді ұсынуға тиіс.

Кеңейтілген порталдық іздеу сервисі мына талаптарға сай болуы керек:

порталдың басты бетінде іздеуді орындау үшін интерфейстің болуы; барлық ақпараттық объекті бойынша толық мәтінді іздеуді жүзеге асыру; іздеу нәтижелері порталдың жеке бетінде ұсынылуға тиіс; іздеу нәтижелері көп беттік түрде берілуге тиіс;

іздеу нәтижелері бар бетті баптау көзделуге тиіс (бетте көрсетілетін іздеу нәтижелерінің саны);

іздеу нәтижелерінде портал беттеріне сілтемелер болуға тиіс;

іздеу нәтижелері санаттарға (жаңалықтар, оқиғалар, сервистер, басқалар) топтастырылуға тиіс.

#### 4.2.3 Порталдың интерфейсіне қойылатын талаптар

Портал web-браузерде жұмыс істеуге бейімделген бағдарламалық өнім болуға тиіс.

Жүйелік хабарлар мен жүйелік әкімшінің экрандық жұмыс нысандарынан басқа, экрандық нысандардың барлық жазулары, сондай-ақ пайдаланушыға берілетін хабарлар пайдаланушы таңдаған тілде (орыс немесе ағылшын) болуға тиіс.

Портал пайдаланушыларға ұсынатын функциялар пайдалануға оңай және интуитивті түсінікті болуға тиіс.

Пайдалануши операциялардың сәтті аяқталғаны туралы, сондай-ақ оларды орындау барысында іркілістердің пайда болғаны немесе орындаудың мүмкін еместігі туралы көрілетін нысандарда үн қатулар мен қалқымалы хабарламалар түрінде ақпарат алуға тиіс.

Басты беттің жоғарғы жағында портал интерфейсінің тілін таңдау, авторландыру, парольді тіркеу және қалпына келтіру және Кері байланыс сервисінің "Көмек" функциясы бар панель көрсетілуғе тиіс. Порталдың қате туралы хабарларының, техникалық хабарламаларының, графикалық элементтері мен қалқымалы хабарламаларының барлық пайдаланылатын тілде нұсқалары болуға тиіс.

Мәтіннің барлық тілдегі орналасуы бірдей құрылымға ие болуға тиіс.

Бұдан басқа, онлайн-аударма бағдарламасын пайдалана отырып, ағылшын тілінде қол жеткізу мүмкіндігі қамтамасыз етілуғе тиіс. Бет мазмұнының тілдік нұсқалары арасында ауысу "Русский"/"English" қосқышының көмегімен жүзеге асырылуға тиіс. Мұндай қосқышты басу ағымдағы беттің аударылған нұсқасын ашуға әкелуі тиіс.

#### 4.2.4 Интеграцияға қойылатын талаптар

Ұлттық компоненттердің архитектурасы ұлттық сервистерді сервис-провайдерлердің сервистерімен, жергілікті сервистермен және үшінші платформалармен ықтимал интеграциялау мақсатында оларды басқа жүйелермен, оның ішінде үшінші елдердің жүйелерімен интеграциялау мақсатында пысықтау мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

Ақпараттық өзара іс-қимыл модулі бөлігінде Еуразиялық желінің компоненттері арасында ақпарат алмасу сервистердің дерекқорына бірлескен қол жеткізуді және

деректерді қабылдау/беру сервистерін шақыруларды пайдалана отырып жүзеге асырылуға тиіс.

Көптеген пайдаланушылар мен процестердің бір уақытта бұғаттауының және ақпаратқа бірлесіп қол жеткізуінің қажетті механизмдері көзделуге тиіс.

Еуразиялық желі сыртқы ақпараттық ресурстармен өзара іс-қимыл жасау кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін [https](https://) қорғалған хаттамасын пайдалана отырып, қосымшалар арасында өтуге қолдау жасауға тиіс.

Еуразиялық желінің интеграциялық мүмкіндіктері:

таратылған дерекқорлар мен анықтамалықтарды пайдалану;

ақпаратты XML, CSV форматындағы электрондық файлдарға жүктеу және түсіру мүмкіндіктерін ұсыну;

WSDL сипаттайтын стандартталған интерфейстерді пайдалану. Web-сервистер және SOAP және (немесе) REST хаттамасына негізделген хабарлар арқылы Жүйенің сабактас компоненттерімен және бөгде қосымшаларымен өзара іс-қимыл жасасу.

Қосымшаның сервистік-бағдарланған архитектурасын пайдалану кезінде ақпараттық өзара іс-қимылдың веб-сервисін модульділік бірлігі ретінде пайдалануға болады.

Компоненттер арасындағы өзара іс-қимыл:

жалпы деректер базасын пайдалана отырып;

Жүйеде пайда болатын оқиғаларды пысықтау үшін веб-сервистерді пайдалана отырып жүзеге асырылуға тиіс.

Транзакциялықты қажет ететін компоненттер арасындағы өзара іс-қимыл үшін синхронды алгоритмдердің кез келген түрін қолдануға жол беріледі; қалған жағдайларда асинхронды механизмдерді пайдалануға болады. Хабарлардың құрамы, құрылымы, көлемі және берілу жиілігі ақпарат алмасу процесінде пайдаланылатын хаттамаларда айқындалуға тиіс.

Сыртқы ақпараттық жүйелермен ақпараттық үйлесімділік:

өзара іс-қимыл жасайтын жүйелерде пайдаланылатын объектілердің сәйкестендіргіштері бөлігінде бір мәнді сәйкестікті белгілеу;

ұлттық сегментте жұмыс істейтін, жалпы одақтық және тіркелген республикалық, мемлекеттік, салалық сыныптауыштарды, біріздендірілген құжаттар мен сыныптауыштарды, ал санамаланған анықтамалықтар мен сыныптауыштар жоқ пәндік салалар үшін - анықтамалықтар мен сыныптауыштарды қайта кодтаудың келісілген кестелерін пайдалану есебінен қамтамасыз етілуге тиіс.

#### **4.3 Қамтамасыз ету түрлеріне қойылатын талаптар**

##### **4.3.1 Ақпараттық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар**

Еуразиялық желінің талдамалық және геоакпараттық сервистерінің ақпараттық негізі өздерін толтыру мен өзектендіру үшін шаруашылық жүргізуши субъектілер туралы ұлттық компоненттердің операторларынан (модерациядан және нормалаудан

өткен) деректерді және өндірілетін өнім, көрсетілетін қызметтер, технологиялар туралы, сондай-ақ оларға сұраныс туралы мәліметтерді қабылдауды қамтамасыз етуге қабілетті өмбебап интеграциялық сервистер құрылуға тиіс тізілімдер мен дереккорлардың деректері болуға тиіс.

#### **4.3.2. Бағдарламалық қамтылымға қойылатын талаптар**

Еуразиялық желінің құру кезінде стандартталған хаттамалар бойынша өзара іс-қимыл жасау үшін деректерді берудің стандартталған интерфейстерімен жарақтандырылған, таратылған, әлсіз байланысқан ауыстырылатын компоненттерді пайдалануға негізделген құрылыштың сервистік-бағдарланған архитектурасы (SOA) қолданылуға тиіс.

#### **4.3.3 Техникалық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар**

Ақпаратты сақтауды қамтамасыз ететін техникалық құралдар деректерді сақтаудың жоғары сенімділігін қамтамасыз ететін заманауи технологияларды пайдалануға тиіс:

таратылған артық жазба/деректерді оқу;

айналau;

тәуелсіз диск массивтері;

клasterлеу.

Жүйе үлкен деректер массивтерін (жүздеген миллион жазбалар) сақтауды қамтамасыз етуге тиіс. Жүйенің жүйелік және қолданбалы бағдарламалық қамтылымының құрамына:

қосымшалар серверлерінің тобы;

сервистік шина серверлерінің тобы;

дереккорлар серверлерінің тобы;

деректерді сақтау жүйесі;

ақпараттық қауіпсіздік инфрақұрылымы кіруге тиіс.

Ресурстарында жүйенің қолданбалы бағдарламалық қамтылымы өрістетілуге тиіс бағдарламалық-аппараттық кешеннің құрамы мен параметрлеріне қойылатын талаптар жүйені құру қорытындысы бойынша әзірленген "Әкімші нұсқаулығында" келтірілуге тиіс.

Тапсырыс беруші интеграциялық компонент бөлігінде ресурстарды орналастыру орнын айқындауды.

#### **4.3.4 Лингвистикалық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар**

Еуразиялық желінің интерфейсі мен электрондық сервистеріне қол жеткізу орыс тілінде және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өзге де мемлекеттік тілдерінде қамтамасыз етіледі.

### **4.4 Сенімділікке қойылатын талаптар**

Жұмыс істеудің штаттық режимінде Еуразиялық жүйе пайдаланушылардың 24x7-ге жақын режимде жұмыс істеуін және істен шығу болған кезде жұмыс қабілеттілігін 3 сағат ішінде жедел қалпына келтіруді қамтамасыз ететін сенімділікке ие болуға тиіс.

Еуразиялық желінің істен шығу салдарынан жұмысқа қабілетсіз қүйде болуының жалпы уақыты айына 45 минуттан аспайтын сенімділік деңгейі(сенімділігі 99.9%) қамтамасыз етілуге тиіс.

Еуразиялық желі мыналарға:

Еуразиялық желінің бағдарламалық қамтылымында істен шығудың туындауына;

Еуразиялық желінің аппараттық құралдарының істен шығуының немесе қатардан шығуының туындауына;

байланыстың істемей қалуына;

электрмен қоректендірудің іркілістеріне байланысты авариялық жағдайлар туындаған жағдайда, жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

Авариялық жағдайлар кезінде жүйенің істен шығуға төзімділігін қамтамасыз ету үшін үздіксіз қоректендіруді, есептеу қуаттарын резервтеуді және ақпарат беру арналарын қамтамасыз ету құралдары көзделуге тиіс.

Еуразиялық желінің жұмыс істеуі және туындаған істен шығулар туралы қызметтік ақпарат авариялық жағдайлардың қайта туындауының алдын алу мақсатында жүйелік әкімшілердің одан әрі талдауы үшін лог-файлдарда тіркелуге тиіс.

Еуразиялық желі ақпаратының (бағдарламалық қамтылым мен деректердің) сақталуын қамтамасыз ету үшін ақпаратты резервтеу, қалпына келтіру және қайталау құралдары пайдаланылуға тиіс.

Бағдарламалық қамтылым мен деректердің толық көшірмелерін жасау және сақтау бекітілген резервтік көшіру регламентіне сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

#### **4.5 Қауіпсіздікке қойылатын талаптар**

Пайдаланушыларды бір реттік "аутентификация" іске асырылуға тиіс, ол қосымша есептік деректер енгізуі қажет қылмай Еуразиялық желі сервистерінің "бұкпесіз" пайдаланылуын қамтамасыз етеді.

Пайдаланушылардың Еуразиялық желі сервистерімен өзара іс-қимыл жасасуы деректерді берудің қорғалған хаттамалары пайдаланыла отырып жүзеге асырылуға тиіс

Ақпаратты санкцияланбаған қол жеткізуден қорғау Еуразиялық экономикалық комиссия мен мүше мемлекеттердің нормативтік-техникалық және әдістемелік құжаттамасы ескеріле отырып іске асырылуға тиіс.

Еуразиялық желіде қол жеткізу шектелген мәліметтерді қамтымайтын ақпарат өнделуге тиіс.

Еуразиялық желінің жалпыға бірдей қолжетімді бөлімдерде жариялануға жатпайтын деректеріне пайдаланушыларға қолжетімділік беру оларды сәйкестендіру, аутентификациялау және авторландыру арқылы қамтамасыз етілуге тиіс. Еуразиялық желіге ақпарат енгізетін пайдаланушылар өздері Еуразиялық желіге орналастыратын мәліметтер және енгізу фактісі үшін ұлттық заннамаға сәйкес жаупты болуға және

енгізілетін ақпараттың құрамында коммерциялық құпияның және таратылуы шектеулі өзге де мәліметтердің жоқ екеніне келісім білдіруге тиіс.

Жүйеде мынадай рөлдік модель пайдаланылуға тиіс.

Еуразиялық желіні пайдаланушылардың сыныптары:

мейман – авторланбаған пайдаланушы;

авторланған пайдаланушы;

әкімші – Еуразиялық желіні әкімшілендіру интерфейсінде авторланған пайдаланушы.

Еуразиялық желінің жалпыға бірдей қолжетімді контенті тіркелмеген және авторланбаған кірушілердің бәріне бірдей қолжетімді болуға тиіс.

Порталдың авторланбаған пайдаланушысының жеке кабинеті және Еуразиялық желінің мамандандырылған функцияларына қолжетімділігі болмайды.

Сыртқы ақпараттық ресурстармен өзара іс-қимыл жасаған кезде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін Еуразиялық желі өзара іс-қимылдың мына түрлерін қолдауға тиіс:

Еуразиялық желі мен сыртқы ақпараттық ресурстар арасында деректерді жинау, өндөу, беру және ұсыну процестері берілетін деректерді қалыптау мен кодтаудың бірынғай принциптері негізінде әзірленуге тиіс.

Еуразиялық желіні пайдалану арқылы қол жеткізу жүзеге асырылатын ұлттық компоненттердің ақпараттық ресурстарының ақпаратын қорғауды Одақтың және ұлттық заңнаманың ақпарат, ақпараттық технологиялар және ақпаратты қорғау саласындағы талаптарына сәйкес тиісті ақпараттық жүйелер мен сервистердің иеленушілері (операторлар) қамтамасыз етуге тиіс.

Еуразиялық желінің жұмыс істеуі шеңберінде алынған деректерді Еуразиялық желінің жұмыс істеу мақсаттары үшін ғана пайдалануға болады.

Әзірленетін Жүйенің мынадай қорғау функцияларын:

қол жеткізуді басқару;

қол жеткізуді басқаруға байланысты қауіпсіздік оқиғаларын тіркеу функцияларын орындайтын компоненті (модулі) болуға тиіс.

## **5. Көрсетілетін қызметтер мен өткізілетін іс-шаралардың кезеңділігі мен құрамына қойылатын талаптар**

Осы техникалық тапсырма бойынша қызметтер екі кезеңде көрсетілуге тиіс.

Бірінші кезең шеңберінде жұмыстарды аяқтау мерзімі: 2020 жылғы \_\_\_\_ желтоқсан.

Екінші кезең шеңберінде жұмыстарды аяқтау мерзімі: 2021 жылғы \_\_\_\_ желтоқсан.

Қызметтер көрсету кезеңдері бойынша ұсыныстарды қоса алғанда, қызметтердің көрсетудің күнтізбелік жоспарының жобасы қатысушының өтінімінде "Көрсетілетін қызметтердің сапасы туралы ұсыныстар және шартты орындау талаптары туралы өзге де ұсыныстар" нысанында мынадай шектеулер ескеріле отырып берілуге тиіс:

№ р/с	Көрсетілетін қызметтің атауы	Есепті мерзім	Қызметтердің көрсету нәтижесі

Бірінші кезең

1	Консорциум қалыптастыру, консорциум туралы келісім жасасу	2020 жылдың I – II тоқсандары	консорциум туралы келісім
2	Жобаны (акпараттық ресурсты) басқаруды мониторингтеу құралын жасау және үйлестіру тобына барлық қатысушылардың оған бөлінген қолжетімділік құқықтарына сыйкес қол жеткізуін қамтамасыз ету	2020 жылдың II – III тоқсандары	жобаны (акпараттық ресурсты) басқаруды мониторингтеу құралын енгізу
3	Еуразиялық желінің базалық компонентіне қойылатын талаптарды әзірлеу	2020 жылдың II – III тоқсандары	Еуразиялық желінің базалық компонентіне қойылатын талаптар
4	Еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қойылатын талаптарды әзірлеу	2020 жылдың II – III тоқсандары	Еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қойылатын талаптар
5	Еуразиялық желі туралы ереже әзірлеу	2020 жылдың II – III тоқсандары	Еуразиялық желі туралы ереже
6	Еуразиялық желінің ұлттық компоненттеріне және сервис-провайдерлерге қойылатын талаптарды әзірлеу	2020 жылдың II – III тоқсандары	Еуразиялық желінің ұлттық компоненттеріне қойылатын талаптар және сервис-провайдерлерге қойылатын талаптар
7	Мұше мемлекеттердің экспорттық әлеуетін ұлғайту максатында үшінші елдердің шаруашылық жүргізуі субъектілерінің Еуразиялық желіге қосылу моделін әзірлеу	2020 жылдың II – III тоқсандары	жобалық шешімдердің сипаттамасы
8	Комиссия актілерінің жобаларын әзірлеу, Еуразиялық желінің техникалық құжаттамасын әзірлеу	2020 жылдың III – IV тоқсандары	Комиссия актілері; акпараттық өзара іс-кимыл процестері сипатталған техникалық құжаттама
9	Еуразиялық желінің базалық компонентін (пайдаланушылық сервистерді құру мен косу жөніндегі әмбебап платформалық шешімді) құру	2020 жылдың IV тоқсаны	желінің операторы, ұлттық компоненттердің операторлары

10	Еуразиялық желінің интеграциялық компонентін құру	2020 жылдың IV тоқсаны	Еуразиялық желінің дайын интеграциялық компоненті
11	Еуразиялық желінің шаруашылық жүргізуши субъектілерінің және ақпараттық ресурстардың тізілімін құру және оларды өнімдер, көрсетілетін қызметтер, технологиялар және оларға мүше мемлекеттер тарапынан сұраныс туралы мәліметтермен бастапқы толтыру (кемінде 2 мүше мемлекеттің базасындағы деректердің pilotтық құрамы), сондай-ақ көрсетілген мәліметтерді верификациялау	2020 жылдың IV тоқсаны	тізілім мен ақпараттық ресурстарды оларды өнімдер, көрсетілетін қызметтер, технологиялар және оларға мүше мемлекеттер тарапынан сұраныс туралы мәліметтермен бастапқы толтыру, көрсетілген мәліметтерді верификациялау
12	Еуразиялық желінің ұлттық компонентін өрістету (кемінде 2 мүше мемлекеттің базасында)	2020 жылдың IV тоқсаны	Еуразиялық желінің ұлттық компонентін қабылдау-тапсыру сынақтарының хаттамалары
13	Таңдал алынған субконтрактация тізбегі бойынша келісімшарттар жасасу сервисін Еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қосу	2020 жылдың IV тоқсаны	таңдал алынған субконтрактация тізбегі бойынша келісімшарттар жасасудың ұлттық сервисін Еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қосу хаттамасы
14	Еуразиялық желінің интеграциялық компонентін және Еуразиялық желінің өрістетілген ұлттық компоненттерін тәжірибелік пайдалану (кемінде 2 мүше мемлекеттің базасында)	2020 жылдың IV тоқсаны	қабылдау-тапсыру сынақтарының хаттамалары, қабылдау-беру актілері
Екінші кезең			
15	Мүше мемлекеттердің Еуразиялық желіні пайдалану арқылы өнеркәсіптік кооперацияға жұмылдырылған шаруашылық жүргізуши субъектілерінің санын	2021 жылдың I тоқсанынан бастап	мүше мемлекеттерде іс-шаралар жоспарының орындалуы және іске

	ұлғайту жөніндегі іс-шаралар жоспарын нақтылау және іске асыру		асырылуын түзету туралы тоқсан сайнғы есеп
16	Еуразиялық желінің интеграциялық компонентін және Еуразиялық желінің ұлттық компоненттерінің интеграцияланған сервистерін тәжірибелік пайдалану нәтижелері бойынша Еуразиялық желіні пысықтау	2021 жылдың I – II тоқсандары	Еуразиялық желінің пысықталған сервистері мен құралдары, Еуразиялық желіге арналған техникалық құжаттаманың пысықталған жасақталымы
17	Еуразиялық желінің интеграциялық компонентін өнеркәсіптік пайдалануга беру	2021 жылдың I – II тоқсандары	қабылдау-тапсыру сынақтарының хаттамасы, Еуразиялық желінің интеграциялық компонентін өнеркәсіптік пайдалануга енгізу туралы техникалық құжаттама
18	Еуразиялық желінің базалық компонентін (пайдаланушылық сервистерді құру мен қосу жөніндегі әмбебап платформалық шешімді) дамыту және Еуразиялық желінің ұлттық компонентін өрістету	2021 жылдың I – III тоқсандары	қабылдау-тапсыру сынақтарының хаттамасы
19	Еуразиялық желінің интеграциялық компонентін дамыту	2021 жылдың I – III тоқсандары	қабылдау-тапсыру сынақтарының хаттамасы
20	Желі операторы мен сервис-провайдерлер, ұлттық компоненттердің операторлары мен сервис-провайдерлер арасында агенттік келісімдер жасасу	2021 жылдың I – IV тоқсандары	желі операторы мен сервис-провайдерлер, ұлттық компоненттердің операторлары мен сервис-provайдерлер арасындағы агенттік келісімдер
21	Еуразиялық желінің үшінші елдердің әріп тестік траншекаралық платформаларымен (кемінде үшінші елдердің 1 траншекаралық платформасымен) интеграциялау мәселелері бойынша іс-шаралар жоспары, Еуразиялық желінің		

	платформаларымен интеграциялау мүмкіндіктерін пысықтау	2021 жылдың I – IV тоқсандары	ұлттық компоненттерін үшінші елдердің әріп тестік трансшекараптық платформаларымен (кемінде үшінші елдердің 1 трансшекараптық платформасымен) интеграциялау мәселелері бойынша іс-шаралар жоспары
22	Еуразиялық желінің ұлттық компонентін өрістету	2021 жылдың I – IV тоқсандары	Еуразиялық желінің ұлттық компонентін қабылдау-тапсыру сынақтарының хаттамалары
23	Өнеркәсіптік коопeração мен субконтрактацияның базалық және ұлттық сервистерін Еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қосу	2021 жылдың I – IV тоқсандары	өнеркәсіптік коопeração мен субконтрактацияның ұлттық сервистерін Еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қосу хаттамалары
24	Жобаның паспортында көрсетілген сервис-провайдерлер сервистерінің тізбесіне сәйкес Еуразиялық желінің ұлттық компоненттерінің жұмыс істеп тұрған және қырылатын сервистерін Еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қосу	2021 жылдың I – IV тоқсандары	ұлттық компоненттердің интеграцияланған сервистерін сынау хаттамалары, сервистерді пайдалануға беру актілері
25	Еуразиялық желіні, оның ішінде Одақтың цифрлық күн тәртібінің перспективалы жобаларымен (тауарлардың цифрлық қадағалануы, электрондық ілеспе құжаттарды қолдану, цифрлық көлік дәліздері, деректердің айналымын реттеу), сондай-ак О дақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің базалық ресурстарымен		іс-шаралар жоспары

	төгөстыру мақсатында іс-шаралар жоспарын әзірлеу	2021 жылдың II тоқсаны	
26	Еуразиялық желінің ілгерілету жоспарын әзірлеу және іске асыру. Мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдары мен ұйымдары, сондай-ақ желіге өзге де қатысушылар үшін Еуразиялық желінің дамыту мәселелері бойынша семинарлар мен вебинарлар өткізу	2021 жылдың II – IV тоқсандары	Еуразиялық желінің ілгерілету жоспары, оқытуды өткізу жоспары, оқытуды өткізу хаттамалары ( Еуразиялық желінің кемінде 1000 қатысушы)
27	Әкімшілендіру, техникалық және консультациялық қолдау қызметін ұйымдастыру, сондай-ақ мәліметтерді ұсынудың бірыңғай болуын қамтамасыз ету мақсатында ұлттық анықтамалықтар мен сыныптауыштарды ескере отырып, Еуразиялық желінің бірыңғай тізілімінің жазбаларын сипаттау әдіснамасын әзірлеуді қоса алғанда, каталогтау орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	2021 жылдың II – IV тоқсандары	Еуразиялық желіде пайдаланылатын анықтамалықтар мен сыныптауыштарға сәйкес мүше мемлекеттердің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының ( қызмет және өнім түрлері ) ауыспалы кілттерінің кестелерін келтіру
28	Технологиялар трансферінің ұлттық сервистерін Еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қосу	2021 жылдың III – IV тоқсандары	технологиялар трансферінің ұлттық сервистерін Еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қосу хаттамалары
29	Еуразиялық желіні, оның ішінде Одақтың цифрлық күн тәртібінің перспективалы жобаларымен ( тауарлардың цифрлық қадағалануы, электрондық ілеспе құжаттарды қолдану, цифрлық көлік дәліздері, деректердің айналымын реттеу), сондай-ақ Одақтың интеграцияланған	2021 жылдың III – IV тоқсандары	іс-шаралар жоспарының орындалуы және іске асырылуын түзету туралы тоқсан сайынғы есеп, қабылдау-тапсыру

	акпараттық жүйесінің базалық ресурстарымен тоғыстыру мақсатында іс-шаралар жоспарын іске асыру		сынақтарының хаттамасы, қабылдау-берау акті
30	Ұлттық компоненттердің технологиялар трансферті сервистерін Еуразиялық желіге қосу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту	2021 жылдың III – IV тоқсандары	іс-шаралар жоспары (іске асыру мерзімдері көрсетілген)
31	Ұлттық компоненттердің өнеркәсіптік коопeração мен субконтрактация сервистерін Еуразиялық желіге қосу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту	2021 жылдың IV тоқсаны	іс-шаралар жоспары (іске асыру мерзімдері көрсетілген)
32	Еуразиялық желі шенберінде (ел, сала, уақыт бөлінісінде және басқа да бөліністерде) мүше мемлекеттерде өнеркәсіптік коопeraçãoны, субконтрактацияны және технологиялар трансферін сипаттайтын деректерді мониторингтеу мен талдау тәсілдерін, оның ішінде индустриялық интернетті пайдалану мүмкіндігін ескере отырып әзірлеу және іске асыру	2021 жылдың IV тоқсаны	Еуразиялық желі шенберінде өнеркәсіптік коопeração, субконтрактация және технологиялар трансфері туралы деректерді мониторингтеу мен талдау регламенті
33	Еуразиялық желінің тәжірибелік пайдалану қорытындысы бойынша Еуразиялық желінің ұлттық компоненттеріне және сервис-провайдерлерге қойылатын талаптарды нақтылау	2021 жылдың IV тоқсаны	Еуразиялық желінің ұлттық компоненттеріне қойылатын нақтыланған талаптар және сервис-провайдерлерге қойылатын нақтыланған талаптар
34	Еуразиялық желінің өнеркәсіптік пайдалану қорытындысы бойынша Еуразиялық желі туралы ережеге өзгерістер енгізу	2021 жылдың IV тоқсаны	Еуразиялық желі туралы жаңаланған ереже

	Жобаның жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізуін бағалау. Жобаның іске асырылуын қорытындылау және жобаны одан әрі дамыту жөніндегі ұсныстыар	2021 жылдың IV тоқсаны	жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізуін бағалай отырып, жобаны іске асыру туралы қорытынды есеп, Еуразиялық желіні дамыту және жетілдіру жөніндегі ұсныстыар
--	--	------------------------	--

Осы техникалық тапсырманы орындау шеңберінде мынадай қызметтер көрсетілуге тиіс (іс-шаралар жоспарының тармақтарына сәйкес):

- 1) консорциум қалыптастыру, консорциум туралы келісім жасасу (жоспардың 7-тармағы);
- 2) жобаны (ақпараттық ресурсты) басқаруды мониторингтеу құралын жасау және үйлестіру тобына барлық қатысушылардың оған бөлінген қолжетімділік құқықтарына сәйкес қол жеткізуін қамтамасыз ету (жоспардың 8-тармағы);
- 3) Еуразиялық желінің базалық компонентіне қойылатын талаптарды әзірлеу (жоспардың 9-тармағы);
- 4) Еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қойылатын талаптарды әзірлеу (жоспардың 10-тармағы);
- 5) Еуразиялық желі туралы ереже әзірлеу (жоспардың 11-тармағы);
- 6) Еуразиялық желінің ұлттық компоненттеріне және сервис-провайдерлерге қойылатын талаптарды әзірлеу (жоспардың 12-тармағы);
- 7) мұше мемлекеттердің экспорттық әлеуетін ұлғайту мақсатында үшінші елдердің шаруашылық жүргізуінің субъектілерінің Еуразиялық желіге қосылу моделін әзірлеу (жоспардың 13-тармағы);
- 8) Комиссия актілерінің жобаларын әзірлеу, Еуразиялық желінің техникалық құжаттамасын әзірлеу (жоспардың 15-тармағы);
- 9) Еуразиялық желінің базалық компонентін (пайдаланушылық сервистерді құру мен қосу жөніндегі әмбебап платформалық шешімді) құру (жоспардың 16-тармағы);
- 10) Еуразиялық желінің интеграциялық компонентін құру (жоспардың 17-тармағы);
- 11) Еуразиялық желінің шаруашылық жүргізуінің субъектілерінің және ақпараттық ресурстардың тізілімін құру және оларды өнімдер, көрсетілетін қызметтер, технологиялар және оларға мұше мемлекеттер тарарапынан сұраныс туралы мәліметтермен бастапқы толтыру (кемінде 2 мұше мемлекеттің базасындағы деректердің пилоттық құрамы), сондай-ақ көрсетілген мәліметтерді верификациялау (жоспардың 18-тармағы);
- 12) Еуразиялық желінің ұлттық компонентін өрістету (кемінде 2 мұше мемлекеттің базасында) (жоспардың 19-тармағы);
- 13) таңдал алған субконтрактация тізбегі бойынша келісімшарттар жасасу сервисін Еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қосу (жоспардың 20-тармағы);

14) Еуразиялық желінің интеграциялық компонентін және Еуразиялық желінің өрістетілген ұлттық компоненттерін тәжірибелік пайдалану (кемінде 2 мүше мемлекеттің базасында) (жоспардың 21-тармағы);

15) мүше мемлекеттердің Еуразиялық желіні пайдалану арқылы өнеркәсіптік коопeração жұмылдырылған шаруашылық жүргізуші субъектілерінің санын ұлғайту жөніндегі іс-шаралар жоспарын нақтылау және іске асыру (жоспардың 23-тармағы);

16) Еуразиялық желінің интеграциялық компонентін және Еуразиялық желінің ұлттық компоненттерінің интеграцияланған сервистерін тәжірибелік пайдалану нәтижелері бойынша Еуразиялық желіні пысықтау (жоспардың 240-тармағы);

17) Еуразиялық желінің интеграциялық компонентін өнеркәсіптік пайдалануға беру (жоспардың 25-тармағы);

18) Еуразиялық желінің базалық компонентін (пайдаланушылық сервистерді құру мен қосу жөніндегі әмбебап платформалық шешімді) дамыту және Еуразиялық желінің ұлттық компонентін өрістету (жоспардың 26-тармағы);

19) Еуразиялық желінің интеграциялық компонентін дамыту (жоспардың 27-тармағы);

20) желі операторы мен сервис-провайдерлер, ұлттық компоненттердің операторлары мен сервис-провайдерлер арасында агенттік келісімдер жасасу (жоспардың 28-тармағы);

21) Еуразиялық желіні үшінші елдердің әріптестік трансшекаралық платформаларымен интеграциялау мүмкіндіктерін пысықтау (жоспардың 29-тармағы);

22) Еуразиялық желінің ұлттық компонентін өрістету (жоспардың 31-тармағы);

23) өнеркәсіптік коопeração мен субконтрактацияның базалық және ұлттық сервистерін Еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қосу (жоспардың 32-тармағы);

24) жобаның паспортында көрсетілген сервис-провайдерлер сервистерінің тізбесіне сәйкес Еуразиялық желінің ұлттық компоненттерінің жұмыс істеп тұрған және құрылатын сервистерін Еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қосу (жоспардың 33-тармағы);

25) Еуразиялық желіні, оның ішінде Одақтың цифрлық күн тәртібінің перспективалы жобаларымен (тауарлардың цифрлық қадағалануы, электрондық ілеспе құжаттарды қолдану, цифрлық көлік дәліздері, деректердің айналымын реттеу), сондай-ақ Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің базалық ресурстарымен тоғыстыру мақсатында іс-шаралар жоспарын әзірлеу (жоспардың 34-тармағы);

26) Еуразиялық желіні ілгерілету жоспарын әзірлеу және іске асыру. Мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдары мен ұйымдары, сондай-ақ желіге өзге де қатысушылар үшін Еуразиялық желіні дамыту мәселелері бойынша семинарлар мен вебинарлар өткізу (жоспардың 35-тармағы);

27) әкімшілендіру, техникалық және консультациялық қолдау қызметін үйымдастыру, сондай-ақ мәліметтерді ұсынудың бірыңғай болуын қамтамасыз ету мақсатында ұлттық анықтамалықтар мен сыйыптаушыларды ескере отырып, Еуразиялық желінің бірыңғай тізілімінің жазбаларын сипаттау әдіснамасын әзірлеуді қоса алғанда, каталогтау орталықтарының қызметін қамтамасыз ету (жоспардың 36-тармағы);

28) технологиялар трансферінің ұлттық сервистерін Еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қосу (жоспардың 37-тармағы);

29) Еуразиялық желіні, оның ішінде Одақтың цифрлық күн тәртібінің перспективалы жобаларымен (тауарлардың цифрлық қадағалануы, электрондық ілесепе құжаттарды қолдану, цифрлық көлік дәліздері, деректердің айналымын реттеу), сондай-ақ Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің базалық ресурстарымен тоғыстыру мақсатында іс-шаралар жоспарын іске асыру (жоспардың 38-тармағы);

30) ұлттық компоненттердің технологиялар трансферті сервистерін Еуразиялық желіге қосу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту (жоспардың 39-тармағы);

31) ұлттық компоненттердің өнеркәсіптік коопeração мен субконтрактация сервистерін Еуразиялық желіге қосу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту (жоспардың 40-тармағы);

32) Еуразиялық желі шеңберінде (ел, сала, уақыт бөлінісінде және басқа да бөліністерде) мүше мемлекеттерде өнеркәсіптік коопeraçãoны, субконтрактацияны және технологиялар трансферін сипаттайтын деректерді мониторингтеу мен талдау тәсілдерін, оның ішінде индустриялық интернетті пайдалану мүмкіндігін ескере отырып әзірлеу және іске асыру (жоспардың 41-тармағы);

33) Еуразиялық желінің тәжірибелік пайдалану қорытындысы бойынша Еуразиялық желінің ұлттық компоненттеріне және сервис-провайдерлерге қойылатын талаптарды нақтылау (жоспардың 42-тармағы);

34) Еуразиялық желіні өнеркәсіптік пайдалану қорытындысы бойынша Еуразиялық желі туралы ережеге өзгерістер енгізу (жоспардың 43-тармағы);

35) жобаның жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізілуін бағалау. Жобаның іске асырылуын қорытындылау және жобаны одан әрі дамыту жөніндегі ұсыныстар (жоспардың 44-тармағы).

Іс-шаралар жоспарын орындау үшін Тапсырыс беруші 2020 – 2021 жылдары жеке жұмыстар шеңберінде Еуразиялық желіні құру мен енгізуге байланысты жұмыстарды үйлестіру жөніндегі жобалық оғистің жұмыс істеуін үйымдастырады. Орындаушы өзінің жобалық оғисін құру мен оның жұмыс істеуін қамтамасыз етіп, оған қажетті ресурстар бөлуді көздеуге тиіс.

Орындаушыда жобалық басқару бойынша біліктілігі бар ресурстардың бар екені туралы ақпарат қатысушының өтінімінде "Тапсырыс орналастырған қатысушының

біліктілік мәліметтері" нысанында көрсетілуге тиіс. Орындаушының жобалық оғисін үйымдастыру және оның Тапсырыс берушінің жобалық оғисімен өзара іс-қимылдының тәртібі жөніндегі егжей-тегжейлі ұсыныстар қатысуышының өтінімінде "Көрсетілетін қызметтердің сапасы туралы ұсыныстар және шартты орындау талаптары туралы өзге де ұсыныстар" нысанында көрсетілуге тиіс.

## **6. Көрсетілген қызметтерді тапсыру мен қабылдау тәртібіне қойылатын талаптар**

Жұмыстарды тапсыру-қабылдау қызметтер көрсетудің құнтізбелік жоспарына сәйкес кезең-кезеңімен жүргізіледі.

Қызметтер көрсету нәтижелерін қабылдау көрсетілген қызметтерді тапсыру-қабылдау актісімен (бұдан әрі – қаржылық акт) ресімделеді.

Қаржылық актіде көрсетілген әрбір қызмет көрсету үшін тиісінше ресімделген техникалық актілер мен бекіту актілерінің болуы қаржылық актіге қол қоюдың қажетті шарты болып табылады.

Қызмет көрсету нәтижелеріне ескертулердің жоқ екені Тапсырыс берушінің жауапты өкілдерінің келісу парагына қол қоюымен расталады, оған Орындаушының жауапты өкілдері алдын ала қол қояды.

Тиісті қызмет көрсетуге толық ресімделген келісу парагы болса, техникалық актіге Тапсырыс берушінің өкілі қол қояды.

Тапсырыс берушінің техникалық актіге қол қоюға уәкілеттік берілген өкілдері әр қызмет көрсету үшін жеке айқындалады.

Қызмет көрсету нәтижелерін Тапсырыс берушінің жауапты өкілдері міндеттердің бөлінуіне сәйкес:

жалпы және функционалдық талаптар бөлігінде;

ақпаратты қорғауға қойылатын талаптар бөлігінде;

ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымға қойылатын талаптар қарастырады.

Қызмет көрсету нәтижелерін Тапсырыс берушінің ең ұзак қарау мерзімі шартта айқындалады.

Ескертулер болған жағдайда, қабылдаудан уәжді бас тарту ресімделеді. Қызмет көрсету нәтижелеріне ескертулер болмаған жағдайда, бекіту параптараты мен техникалық актілерге қол қойылады.

Орындаушылар тарапынан қол қойылған келісу парагы тиісті қызметті көрсету нәтижелерімен бірге Тапсырыс берушіге ұсынлады.

Тапсырыс берушінің жауапты өкілдері орындаушы ұсынған материалдарды қарайды.

Келісу парагына Тапсырыс беруші өкілдерінің қолдарын жинауды Орындаушының өкілдері жүзеге асырады.

Қызмет көрсету нәтижелерін қарауға техникалық сараптамаға арналған шартты орындаушы тартылады.

Бағдарламалық қамтылымды тапсыру-қабылдау кезінде тапсыру-қабылдау сынақтары жүргізіледі.

Тапсыру-қабылдау сынақтары техникалық-жұмыс бабындағы жоба құрамына кіретін сынау бағдарламасына және әдістемесіне сәйкес жүргізіледі.

Қабылдау-тапсыру сынақтарының шеңберінде, оның ішінде мынадай іс-қимылдар да жүзеге асырылады:

1) бағдарламалық қамтылым мен жобалық құжаттаманы белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан тексеру (техникалық тапсырма, жекеше техникалық тапсырма, технологиялық құжаттар, әзірлеуге тапсырмалар, техникалық талаптар және басқалары);

2) бағдарламалық қамтылымның сипаттамасына (немесе ұсынылған техникалық-жұмыс жобасы құжаттамасының құрамындағы өзге құжатқа) сәйкес есептік материалдар құрамындағы компакт-дискіде ұсынылған бастапқы кодтағы бағдарламалық компоненттердің мәтіндерін (бағдарламалардың бастапқы мәтіндерін) компиляциялау;

3) алынған компиляциялау нәтижелерінің есептік материалдар құрамындағы компакт-дискіде ұсынылған орындалатын түрдегі бағдарламалық компоненттермен (бағдарламалық қамтылымның дистрибутивтерімен) сәйкестігін тексеру;

4) техникалық-жұмыс жобасы құжаттамасының құрамына кіретін әкімшінің басшылық құралына сәйкес есептік материалдар құрамындағы компакт-дискіде ұсынылған орындалатын түрдегі бағдарламалық компоненттерді (бағдарламалық қамтылымның дистрибутивтерін) өрістету;

5) сынау бағдарламасына және әдістемесіне сәйкес сценарийлер мен бақылау мысалдарын орындау.

Қабылдау-тапсыру сынақтарын жүргізуді дайындау мен ұйымдастыруды Орындаушы жүзеге асырады.

Қабылдау-тапсыру сынақтарын жүргізуге қатысуға Еуразиялық экономикалық комиссияға техникалық сараптама жүргізу жөнінде қызметтер көрсететін ұйымдар, ұлттық компоненттердің операторлары шақырылуы мүмкін.

Қабылдау-тапсыру сынақтарының нәтижелері хаттамамен ресімделеді. Қабылдау-тапсыру сынақтары хаттамаларының жобаларын Орындаушы дайындалап, Тапсырыс берушімен келісіледі.

## **7. Автоматтандыру обьектілерін жүйені қолданысқа енгізуге дайындау жөніндегі жұмыстардың құрамы мен мазмұнына қойылатын талаптар**

Автоматтандыру обьектілерін Еуразиялық желінің компоненттерін қолданысқа енгізуге дайындау үшін Орындаушы техникалық және ұйымдық іс-шаралар кешенін жүргізуге тиіс, оған мыналар да кіреді:

Еуразиялық желінің құрылған және жаңғыртылған кіші жүйелері мен компоненттерін өрістету;

бастапқы жүктеу үшін деректерді дайындау.

Іске қосудың мынадай кезеңдері белгіленуге тиіс:

алдын ала сынақтар;

тәжірибелік пайдалану;

қабылдау сынақтары.

Автоматтандыру обьектісі мен базалық сервистерді іске қосуға дайындау үшін мынадай іс-шаралар жүргізілуге тиіс:

есепке алу жазбаларын жасау және базалық сервистерді пайдалануға қатысатын пайдаланушылардың қол жеткізу құқықтарын баптау;

Тапсырыс берушінің тәжірибелік пайдалануға қатысатын мамандарын алғашқы оқытуды жүргізу;

тәжірибелік пайдалану кезеңінде пайдаланушыларға техникалық қолдау көрсетуді үйімдастыру.

Автоматтандыру обьектілерін жүйені іске қосуға дайындау үшін қосымша іс-шаралар тізбесі Еуразиялық желінің компоненттеріне қойылатын талаптарды айқындайтын құжаттарда, оның ішінде кіші жүйелерге арналған жекеше техникалық тапсырмаларда нақтылануы мүмкін.

## **8. Құжаттауға қойылатын талаптар**

Мыналар:

Жүйенің бағдарламалық құжаттамасы;

Жүйенің қорғау функциясын орындайтын модулінің бағдарламалық құжаттамасы;

Жүйенің алдын ала сынақтарын жүргізу бағдарламасы мен әдістемесі (мазмұны МЕМСТ 19.301-79 "Сынақтардың бағдарламасы мен әдістемесі. Мазмұны мен ресімделуіне қойылатын талаптар"-дің талаптары ескеріле отырып әзірленуге тиіс);

Жүйені тәжірибелік пайдалануды жүргізу бағдарламасының жобасы әзірленуге тиіс

Жүйенің бағдарламалық құжаттамасының жасақталымы МЕМСТ 19.101-77, МЕМСТ 19.106-78, МЕМСТ 19.503-79, МЕМСТ 19.504-79 талаптары ескеріле отырып жасалуға тиіс және мыналарды қамтуға тиіс:

Жүйенің түсіндірме жазбасы (мазмұны МЕМСТ 19.404-79 "Түсіндірме жазба. Мазмұны мен ресімделуіне қойылатын талаптар"-дың талаптары ескеріле отырып әзірленуге тиіс);

Жүйені пайдаланушиның басшылығы;

Жүйе әкімшісінің басшылығы;

Жүйені орнату және теңшеу бойынша басшылық;

Жүйе бағдарламасының мәтіні;

Жүйенің жүйелік бағдарламашысының басшылығы;

Жүйе бағдарламашысының басшылығы.

Жүйені пайдаланушиның басшылығында Жүйенің барлық функциясы мен мүмкіндігінің сипаттамасы, пайдаланушыларға Жүйенің функциялары мен мүмкіндіктерін көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік беретін иллюстрациялық материалдар қамтылуға тиіс.

Жүйе әкімшісінің басшылығында Жүйені әкімшілендіруге қажетті барлық функциялар мен іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы қамтылуға тиіс.

Басшылықта мыналар қамтылуға тиіс:

әкімшіге іс-қимыл тәртібін көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік беретін иллюстрациялық материалдар;

серверлердің схемалары мен сипаттамалары, қосымшалардың серверлерін әкімшілендіру жүйелерінің, тестілік және өнімді орталардағы ҚҚБЖ-ның сипаттамалары;

Жүйенің дерекқорында сақталатын сұрау салуларды іздеу механизмдерінің сипаттамасы;

Жүйе жұмысының дұрыстығын тексеру бойынша қадамдық нұсқаулары бар бөлім, қосымша түрде Жүйенің барлық функциясын тексеру үшін өзекті мысалдар болуға тиіс

Жүйені орнату және баспау жөніндегі басшылықта Жүйені орнатуға қажетті барлық кезеңнің сипаттамасы қамтылуға тиіс. Басшылықта пайдаланылатын операциялық жүйелерді алдын ала баптау, қосымшалар серверін, дерекқорлар серверін және тікелей Жүйені орнату бөлімдері қамтылуға тиіс. Басшылықта Жүйені орнату және алдын ала баптау бойынша іс-қимыл тәртібін көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік беретін иллюстрациялық материалдар қамтылуға тиіс. Жүйені орнату және баптау бойынша нұсқаулық тек қана CD немесе DVD дискілерінде беріледі.

Жүйе бағдарламасының мәтіні МЕМСТ 19.401-78 "Бағдарлама мәтіні. Мазмұны мен ресімделуіне қойылатын талаптар"-дың талаптары ескеріле отырып өзірленуге тиіс

. Жүйе бағдарламасының мәтіні CD немесе DVD дискілерінде, сондай-ақ git репозиторий түрінде берілуғе тиіс. Орындаушы git-репозиторийді Жүйенің инфрақұрылымында өрістетуге тиіс.

Жүйенің жүйелік бағдарламашысының басшылығы Жүйенің жұмыс нұсқасының бастапқы кодтарынан жасау үшін қажетті іс-қимыл тәртібінің сипаттамасын қамтуға тиіс. Жүйенің жұмыс нұсқасының бастапқы кодтарынан жасау үшін қолданылатын барлық бағдарламалық өнімдер де басшылықта сипатталуға тиіс. Басшылықта Жүйенің жұмыс нұсқасының бастапқы кодтарынан жасау үшін пайдаланылатын барлық бағдарламалық өнімге сілтемелер қамтылуға тиіс. Басшылықта Жүйенің жұмыс нұсқасының бастапқы кодтарынан (бағдарламалар мәтінінен) жасау бойынша іс-қимыл тәртібін көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік беретін иллюстрациялық материалдар қамтылуға тиіс. Жүйелік бағдарламашының басшылығы тек қана CD немесе DVD дискілерінде беріледі.

Жүйелік бағдарламашының басшылығында:  
функциялар алгоритмдерінің сипаттамасы;  
қосымшалар сервері мен дереккор серверінің өзара іс-қимылдының сипаттамасы;  
қосымшалар сервері орындайтын функциялардың сипаттамасы;  
дереккор сервері орындайтын функциялардың сипаттамасы;  
дереккор құрылымының сипаттамасы;  
әзірленетін модульдер функцияларының сипаттамасы;  
әзірлеу құралдары мен пайдаланылатын құрал-саймандардың сипаттамасы;  
жұмыс істеуге қабілетті қосымшаны құру үшін компиляция бойынша қадамдық нұсқаулар қамтылуға тиіс.

Басшылық "СБҚ бағдарламасының мәтініне" сілтемелерді қамтуға және Жүйенің модульдері арасындағы өзара іс-қимылды көрнекі түрде сипаттауға мүмкіндік беретін иллюстрациялық материалдарды қамтуға тиіс. Бағдарламашының нұсқаулығы тек қана CD немесе DVD дискілерінде беріледі.

Жүйенің қорғау функцияларын орындайтын модулінің бағдарламалық құжаттамасының жасақталымында мыналар қамтылуға тиіс:

Жүйенің қорғау функциясын орындайтын модулінің өзіндік ерекшелігі (мазмұны МЕМСТ 19.202-78 "Өзіндік ерекшелік. Мазмұны мен ресімделуіне қойылатын талаптар"-дың талаптары ескеріле отырып әзірленуге тиіс);

Жүйенің қорғау функциясын орындайтын модулінің бағдарламасын сипаттау (мазмұны МЕМСТ 19.402-78 "Бағдарламаның сипаттамасы. Мазмұны мен ресімделуіне қойылатын талаптар"-дың талаптары ескеріле отырып әзірленуге тиіс);

Жүйенің қорғау функциясын орындайтын модулін қолданудың сипаттамасы (мазмұны МЕМСТ 19.502-78 "Қолданудың сипаттамасы. Мазмұны мен ресімделуіне қойылатын талаптар"-дың талаптары ескеріле отырып әзірленуге тиіс);

Жүйенің қорғау функциясын орындайтын модулі бағдарламасының мәтіні (мазмұны МЕМСТ 19.401-78 "Бағдарламаның мәтіні. Мазмұны мен ресімделуіне қойылатын талаптар"-дың талаптары ескеріле отырып әзірленуге тиіс);

Жүйенің қорғау функциясын орындайтын модулі формулярының жобасы (мазмұны МЕМСТ 19.501-78 "Формуляр. Мазмұны мен ресімделуіне қойылатын талаптар"-дың талаптары ескеріле отырып әзірленуге тиіс).

Жүйенің қорғау функцияларын орындайтын модулін сертификаттауға өтінім жобасы.

Жүйенің қорғау функцияларын орындайтын модулін сертификаттау туралы шарттың жобасы.

Жүйенің құжаттамасын рәсімдеу МЕМСТ 2.105-2019 "Конструкторлық құжаттаманың бірыңғай жүйесі. Мәтіндік құжаттарға қойылатын жалпы талаптар"-дың талаптары ескеріле отырып, жақтаусыз А4 форматындағы параптарда, негізгі жазусызы және оған қосымша бағандарсыз орындалуға тиіс. Суреттер мен кестелерді

орналастыру үшін параптың қысқа жағы бойынша қоса тігілетін А3 форматындағы параптарды пайдалануға жол беріледі.

Құжаттаманы ресімдеу кезінде Тапсырыс берушімен жұмыс тәртібінде келісілетін нормативтік құжаттардың талаптарынан ауытқуға жол беріледі.

Жүйенің алдын ала сынақтарын жүргізу бойынша есеп беру материалдары ретінде мынадай құжаттар ұсынылуға тиіс:

Жүйенің алдын ала сынақтарын жүргізу хаттамасы;

Жүйенің алдын ала сынақтарын жүргізу акті;

Жүйені құру бойынша орындалған жұмыстардың акті.

Әзірленетін құжаттар бекіту үшін Тапсырыс берушіге қағаз түрінде екі данада (Тапсырыс беруші мен Орындаушы үшін бір-бір данадан), сондай-ақ келісу үшін CD/DVD-R/RW жеткізгіштерінде, USB интерфейсі бар Flash-жад базасындағы жинақтағышта немесе электрондық пошта құралдары арқылы Adobe Portable Document Format (PDF) немесе Microsoft Word (".doc" немесе ".docx") форматында бір данада беріледі.

Еуразиялық желінің құру және оның жұмыс істеуі барысында зияткерлік немесе басқа да меншік түрлеріне негізделген құқықтар сақталуға тиіс.

Осы Техникалық тапсырма бойынша Орындаушы құрған жұмыстардың нәтижелеріне құқықтар Еуразиялық экономикалық комиссияға тиесілі және Тапсырыс берушінің келісімімен ғана пайдаланылуы мүмкін. Орындаушы жұмыс процесінде алынған, құқықтық қорғауға қабілетті әрбір нәтиже туралы оны қорғаудың орындылығын негіздей отырып, Тапсырыс берушіні хабардар етуге тиіс.

Еуразиялық желінің базалық және интеграциялық компоненттерінің құқық иеленушісі Еуразиялық экономикалық комиссия болып табылады.

Еуразиялық желінің құрылатын интеграциялық компоненті Тапсырыс берушіге үшінші тұлғалардың құқықтарынан босатылып беріледі.

Еуразиялық желінің құрылатын базалық компоненті, базалық компонентте үшінші тұлғалардың құқықтарынан бос емес нәтижелер пайдаланылған жағдайда, Тапсырыс берушіге зияткерлік қызмет нәтижесін пайдалануға қарапайым (айрықша емес) лицензия беру туралы шарт бойынша беріледі. Базалық компонентте үшінші тұлғалардың құқықтарынан бос емес нәтижелерді пайдаланылған кезде, пайдаланылатын шешімдер Комиссиямен келісілуге, сондай-ақ оны пайдалану кезінде Комиссия тарапынан қосымша шығыстарды қамтымауға тиіс. Бұл ретте қарапайым (айрықша емес) лицензия базалық компонентті шектеусіз пайдалану, дамыту және оған өзгерістер енгізу мүмкіндігін беруге тиіс.

Еуразиялық желінің құрылатын базалық компоненті, базалық компонентте үшінші тұлғалардың құқықтарынан бос шешімдер пайдаланылмаған жағдайда, Тапсырыс берушіге үшінші тұлғалардың құқықтарынан босатылып беріледі.

Еуразиялық желінің базалық компонентін толыққанды жұмыс істейтін ұлттық компонент ретінде қосу үшін лицензиялық келісім бойынша мүше мемлекетке өтеусіз негізде беру мүмкіндігі қамтамасыз етілуге тиіс. Ұлттық компоненттерге құқықтарды регламенттеу Комиссия берген лицензиялық келісім шеңберінде мүше мемлекеттердің қарамағында болады. Мүше мемлекеттердің базалық компонент негізінде құрылатын ұлттық компонентті дамыту және оған өзгерістер енгізу мүмкіндігі болуға тиіс.

Әзірленген құжаттаманың бәрі орыс тілінде жасалып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 5 мамырдағы № 46 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссиядағы ішкі құжат айналымы қағидаларына сәйкес ресімделуге (ресімделуіне қойылатын талаптар 2.105-95 МемСТ-та айқындалатын құжаттарды қоспағанда) және Тапсырыс берушіге деректерді өзгерту мүмкіндігін жоққа шығаратын оптикалық ақпарат жеткізгіштерде (CD-R немесе DVD-R) электронды нысанда, Microsoft Office 2010 және одан жоғары құралдарды қолдайтын форматтарда немесе Тапсырыс берушімен келісім бойынша өзге форматтарда редакцияланатын түрде ұсынылуға тиіс. CD-R немесе DVD-R оптикалық ақпарат жеткізгіштерге машиналық ақпарат жеткізгіштердің ведомостері қоса берілуге тиіс.

Әр қызмет көрсету үшін бекіту параптарты мен ерекшеліктер әзірленуге тиіс, оларда қызмет көрсету нәтижелері бойынша әзірленген және берілетін құжаттардың тізбесі қамтылады.

Ерекшеліктер, бекіту параптарты, сондай-ақ Орындаушылардың қолдары және/немесе мөрлері бар өзге де құжаттар, оның ішінде актілер, хаттамалар мен келісу параптарты орыс тілінде жасалуға және Тапсырыс берушіге терілген түрде 2 (екі) данада ұсынылуға тиіс (бір данада ұсынылатын шоттар мен шот-фактураларды қоспағанда).

Осы техникалық тапсырма бойынша қызмет көрсету шеңберінде, сондай-ақ кепілдік міндеттемелер кезеңі ішінде Орындаушы осы жұмыстардың пайдаланылуын сүйемелдеуді, оның ішінде жұмыстардың нәтижелері бойынша анықтамалар, түсініктер, нақтылаулар беруді, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссияның қатысуымен өткізілетін іс-шараларға (семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер) сарапшылардың қатысуын қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

## **9. Көрсетілетін қызметтердің сапа кепілдігіне қойылатын талаптар**

Тапсырыс беруші Орындаушының қызметтер көрсетуінің сапасына қызметтер көрсетуді тапсыру-қабылдау күнінен бастап кемінде 12 ай мерзімде ең аз кепілдік міндеттемелер кезеңін (Кепілдік кезеңі) айқындейды.

Орындаушының қызметтер көрсетуінің сапасына ұсынылатын кепілдік міндеттемелер кезеңі бойынша ұсыныстар қатысуышының өтінімінде "Қызметтер көрсетудің сапасы туралы ұсыныстар және шартты орындау талаптары туралы өзге де ұсыныстар" нысанында көрсетілуге тиіс.

## **10. Көрсетілетін қызметтер сапасы кепілдігінің көлеміне қойылатын талаптар**

Кепілдік кезеңі ішінде Орындаушы анықталған кемшіліктерді жою мақсатында құжаттамаға және бағдарламалық қамтылымға өзгерістердің қажетті көлемін өтеусіз (Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір шығынсыз) енгізуге міндettі. Көрсетілген өзгерістерді енгізу және Тапсырыс берушіге тапсыру мерзімі Тапсырыс берушінің тиісті тапсырмасын Орындаушы алған күннен бастап 22 (жиырма екі) жұмыс күнінен аспауға тиіс.

Кепілдік жағдайы орын алған кезде Орындаушы мынадай кепілдік іс-шараларын өтеусіз орындауға міндettі:

техникалық-жұмыс бабындағы жобалардың құжаттамасына және өзге де есептік құжаттарға өзгерістер енгізу;

бағдарламалық қамтылымға өзгерістер енгізу (қажет болса);

өрістетілген бағдарламалық қамтылымды қайта орнатуды жүргізу (қажет болса).".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК